

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА**



**ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІН ЖАҚСARTУ ҮШІН
ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІН ЕНГІЗУ МОНИТОРИНГІ
Талдамалы анықтама**

**МОНИТОРИНГ ВНЕДРЕНИЯ РЕЗУЛЬТАТОВ
ИССЛЕДОВАНИЙ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ ПРАКТИКИ
ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ
Аналитическая справка**

**Астана
2016**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Үш тілді білім беру тәжірибесін жақсарту үшін зерттеулер нәтижелерін
енгізу мониторингі**

Талдамалы анықтама

**Мониторинг внедрения результатов исследований для улучшения
практики трехязычного образования**

Аналитическая справка

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама).

Үш тілді білім беру тәжірибесін жақсарту үшін зерттеулер нәтижелерін енгізу мониторингі. Талдамалық анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 96 б.

Рекомендовано к изданию решением ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол №5 от 17 июня 2016 г.).

Мониторинг внедрения результатов исследований для улучшения практики трехязычного образования. Аналитическая справка. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. – 97 с.

Бұл жұмыста Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасын жүзеге асыру аясында үш тілді білім беру тәжірибесін жақсарту үшін зерттеулер нәтижелерін енгізу бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысы ұсынылған.

Талдамалық анықтама ғалымдарға, мектеп мұғалімдеріне, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, білім беру басқармаларының басшыларына, үштілді оқыту саласындағы барлық мамандарға арналған.

В настоящей работе представлены итоги мониторинга внедрения результатов исследований для улучшения практики трехязычного образования, проведенного в рамках реализации Дорожной карты развития трехязычного образования на 2015-2016 годы.

Аналитическая справка адресована ученым, учителям школ, преподавателям колледжей и вузов, руководителям управлений образования, всем специалистам в области трехязычного обучения.

Кіріспе

Қазақстандық мектептерде үштілділікті енгізу кезеңдері үш министрліктің:

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (05.11.2015. № 622)

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (09.11.2015. № 344)

– Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің (13.11.2015. № 1066) бірлескен бұйрығымен үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасында анықталған.

Жол картасының 2.2 пунктіне сәйкес үштілді білім беру тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін енгізу мониторингін жүргізу қарастырылған.

Осы пунктті орындау мақсатымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық білім академиясына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша талдамалық анықтама дайындауды қажет ететін осы мониторингті жүргізуді тапсырды.

Осыған байланысты келесі жұмыс жүргізілді:

– үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге жүргізілетін мониторинг құрылымы және технологиялық карталары әзірленді;

– үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге мониторинг жүргізуде ақпараттар жинау және мәліметтер базасын өңдеу жүргізілді;

– үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге жүргізілген мониторинг мәліметтерін талдау нәтижелері жасалды;

– жұмыс нәтижелері қорытындыланды және үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу бойынша қорытындылар тұжырымдалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен анықталған мерзімге байланысты жүргізілген мониторингке елдің ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындары, сонымен қатар, үш ғылыми ұйым тартылды. Мониторингке:

– 37 ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарынан – 20 жоғары оқу орындары қатысты, сонымен қатар, үш тілді білім беру мәселесіне тікелей қатысы бар ғылыми зерттеулер тоғыз жоғары оқу орнындарында жүргізілді;

– үш ғылыми ұйымның үшеуі де ғылыми зерттеу құрылымына тартылды.

1 Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге жүргізілген мониторингтің құрылымы және технологиялық карталары

Педагогикалық жүйені басқару белгілі ақпараттар жүйесін қажет етеді. Оны жүргізілген мониторингке негіздеп жаңадан жасауға болады. «Мониторинг» сөзі латынның *monitor* – еске салушы, бақылаушы сөзінен шыққан. Алғашқыда бұл термин экологияда жиі қолданылды және онымен адамның экономикалық бағыттылығына байланысты қоршаған орта жағдайын бақылау, бағалау, болжауды белгіледі. Соңғы уақытты осы термин кең мәнге ие болды. Енді бұл сөзбен күтілетін нәтижелерге оның сәйкестігін табу мақсатымен әрекеттерді бақылауды атайды¹.

Бүгінгі күні мониторинг түсінігі өзінің қолданыс аясын кеңейтуде және оның қолданылу тарихы ұзақ болмаса да түрлі білім саласына еніп, көп мағыналылыққа ие болды. Ол жалпы танылған және әдеттегі ғылыми тілде де белсенді қолданылғанымен әлі философиялық сөздікте жоқ. Оны қазіргі мағынада менгерудің бірқатар тәжірибесі де бар. Оның этимологиясының негізінде бұрыннан таныс ең алдымен бағыт көрсету, кеңес беру, сақтандыру, сендіруді білдіретін *monitoru* – көпмағыналы түсінігі және *monitor* (латын тілінен еске түсіруші, қадағалаушы) қазіргі мағынасына біршама жақын – қандай да бір нысанды немесе құбылысты байқау жатыр. Бұл сөз бұрыннан әрекетті білдірді, тәжірибелік қызметте кең қолданыс тапты, ол ғылыми сөздікке айналып және термин ретінде қолданыла бастауы жиі кездесе бермейтін жағдай екенін ерекше атап өтуге болады.

Қазіргі уақытта мониторинг анықтамасы және оны қолдану нәтижелерінің мәні – бұл түсінік «мониторингтік» түсінігімен бірігетін және осы және басқа да тәжірибе саласындағы жағдайды анықтау үшін қызмет ететін және көп жағдайда теориялық сияқты тәжірибелік негізде әзірлемелерде жүзеге асырылатын нақты әрекеттерді немесе біршама аралас шараларды жүргізу туралы мәселелерде қолданылуды білдіреді. Сонымен қатар, дәстүрлі танымдық құралдар - байқау, бақылау, зерттеу, салыстырмалы талдау, тексеру, бақылау қолданылады.

Соңғы уақытта дәл мониторингтік сияқты анықталатын зерттеудің жаңа бағыттары: басты жұмыс әдісі болып табылатын әлемдік эко-мониторинг, ғарыштық мониторинг, медиа-кеңістік мониторингі пайда болуда. Ол мониторингтік сияқты білікті зерттеу жүргізілетін әлеуметтік салаға да енді. Тәжірибенің эконом-мониторинг, қаржылық мониторинг, білім беру жүйесі мониторингі және т.б. түрлері пайда болды.²

А.С.Белкин мониторингті білім беру процесін тұрақты ғылыми негізделген диагностикалық-болжамдық бақылау деп суреттейді.³

¹ Мониторинг процесса и результатов исследования. https://author24.ru/spravochniki/pedagogika/metody_pedagogicheskogo_i_issledovaniya/monitoring_processa_i_rezultatov_issledovaniya/.

² И.П. Фарман Мониторинг как метод исследования и представления знания.

³ Мониторинг процесса и результатов исследования. https://author24.ru/spravochniki/pedagogika/metody_pedagogicheskogo_issledovaniya/monitoring_processa_i_rezultatov_issledovaniya/.

Э.Ф. Зеер мониторингті көптеген нақты негізгі көрсеткіштерді көрсететін үнемі немесе мерзімді қайталанатын мәліметтер жинау көмегімен нысанның (жүйелер немесе күрделі құбылыстар) жағдайын бақылау процесі ретінде бағалайды. Мониторингті ағымдық бақылау нәтижелерін басқару процесіне тартудағы қандай да бір процесті құруда үнемі шынайы болып жатқан пәндік орта құбылыстарын қадағалау қажет болғанда қолданады⁴.

Мониторинг әр түрлі бақылау және түсіндіру құралдарын қолданады. Дегенмен, мониторинг жүргізуде зерттеу пәні әдейі межеленген жағдайда көптен-көп нақты және мақсатты бағытталған талдау қолданылады. Сондықтан да оның ерекшелігі ол ғылым саласындағы жаңа ізденістер мен ашылулар болмауы да мүмкін.

Сонымен қатар, осындай зерттеу статистикалық мәліметтерді және әлеуметтік сауалдарды жинаумен, оның нәтижелерінің ұсыныстар үшін негізгі болып табылуымен ерекшеленеді. Бұл – мониторинг жүргізудің нағыз нәтижесі және мақсаты болып табылады. Сондықтан да мониторинг нәтижесі ретінде деректердің өзіндік ерекшеліктері бар, себебі олар эмпирикалық таным процесінде қалыптасады және оның нәтижесін тиянақтау болып табылады. Бұл жерде сонымен қатар оның басты сипатының бірі – деректердің анықтығы да бағаланады, оны алу жағдайы мен мәніне көңіл бөлінеді.

Дерек бағалау жүргізілетін және сол үшін арнайы әзірленетін қатаң анықталған өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс.

Бұдан мониторингтің негізін диагностикалық жүйе білдіретінін көруге болады. Оны іске асыру үшін өлшемшарттарды (жалпыланған көрсеткіштерді) саралау қажет.

Қазіргі уақытта мониторингтік зерттеулердің түрлері мен типтерін жіктеу әрекеттері жасалуда. Осындай зерттеулерді жіктеу үшін негіз ретінде ғылыми пәндер бағыты, олардың мақсаттық міндеті, уақыттық параметрлері, оны орындау масштабы мен деңгейі талап етіледі. Мониторингтің базалық және фондық, ғаламдық, жергілікті, аймақтық, тұрақты мониторинг, сондай ақ қоғамдық қызметтің әр түрлі саласын қамтитын: саяси, экономикалық, әлеуметтік, педагогикалық, ғылыми мониторинг және т.б. сияқты түрлері белгілі. Бірақ мониторинг эмпирикалық зерттеулер түрінің бірін көрсететінін есте сақтау қажет.

Сондықтан да ол әмбебап болып табылмайды және басқа зерттеулер барысында әрқашан лайықты бола бермейді. Негізінен, мониторингті танымдық тәжірибе және тәжірибелі ғылым әдісі ретінде түсіндіруге болады. Дәл осы ереже біздің жағдайға қатысты. Біздің жүргізген мониторингтің мақсаты ғылыми зерттеулер нәтижесін білім беру тәжірибесіне енгізу деректерін іздеу болып табылады. Біздің жүргізген мониторингте алынған деректер қоры әлдеқашан әзірленген теориялық ережелер және жүргізілген зерттеулердің

⁴ Мониторинг процесса и результатов исследования. https://author24.ru/spravochniki/pedagogika/metody_pedagogicheskogo_issledovaniya/monitoring_processa_i_rezultatov_issledovaniya/

қолданбалы нәтижелерін ескере отырып ғылыми зерттеу бағдарламаларын құрастыру үшін негіз ретінде қызмет етеді.

Сондықтан біздің жүргізген мониторингтің негізгі өлшемшарттарының бірі алынған нәтижелердің негізделген жаңалығы болып табылады.

Біздің жүргізген мониторингтің басқа өлшемшарттары зерттеудің сол және басқа да нәтижелерін көрсететін басылымдар туралы ақпараттар болуы тиіс, өйткені нақ ашық баспасөзде жариялау арқылы зерттеу нәтижелерін практикаға алғаш енгізу жүзеге асады. Зерттеу нәтижелері мен материалдарын рәсімдеу ғылыми зерттеудің құрамдас бөлігі және еңбекті көп қажет ететін және өте жауапты іс, өйткені онда жиналған материалдар сараланады және негізгі идеялар, ережелер, тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптасады. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді тәжірибеге енгізу тәсілінің маңыздылығы кем емес, адресаты, оның өзектілігі мен қажеттілігінің мақсаты және негізделуі оны қолдану бойынша ұсыныстар болып табылады. Сондықтан бұл біздің мониторингтің тағы бір өлшемшарты болып табылады.

Мониторингтік зерттеу барысында ақпараттар жинауда оның нақтылығын қамтамасыз ету маңызды. Бұл осы ақпаратты кім ұсынады сол тұлғаның жеке жауапкершілігімен қамтамасыз етілуі тиіс. Сондықтан рәсімдеу мен тапсырудың міндетті жағдайы оның ең алдымен жобаның ғылыми жетекшісімен ресми расталуы болып табылады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу туралы ақпараттарды жинау және өндеуге бағытталған 10 бөлімнен тұратын мониторинг құрылымын дайындадық. Сонымен бірге технологиялық карталарды толтыруға қойылатын негізгі талаптар мыналар болып табылады:

– барлық ақпарат үштілді және көптілді білім беру, көптілді оқыту, екінші тіл (Т2) ретінде қазақ және орыс тілдеріне және шет тілі ретінде ағылшын тіліне (ШТ) оқыту саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына байланысты болуы қажет;

– ақпарат 2012-2016 жылдар аралығындағы орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарына байланысты болуы қажет.

Педагогика үшін «үштілді білім беру» түсінігі біршама жаңа түсінік болуына байланысты осындай нақтылық қажет болды. Мысалға, үштілді білім берудің көптілді оқытудан және көптілді білім беруден айырмашылы. Сондықтан ол түсінік беруді қажет етеді. Жаңа түсінікті енгізу бірқатар принциптерді енгізуге негізделді, соның бірі қарап тексеруді қажет етеді. Біздің жағдайда бұл аспект білім беру саласындағы мемлекеттік саясатпен және халықаралық байланысты күшейтумен байланысты.

Бұл ұстаным жұмыс істеу үшін, тілдің білім беруде екі жақты қызмет атқаратынына көңіл бөлуге тура келеді. Ол **оқу пәні** ретінде және **оқыту құралы** ретінде қызмет етеді. Бұл классикалық дидактика принциптерінің бірі : «білімге екіжақты ену» принциптеріне тура шығу болады. Осы принциптерді байланыстыру үштілді білім беруді келесі түрде: қазақстандықтардың (CEFR)

Халықаралық стандартына сәйкес үш мақсатты тілдерді бір мезгілде меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жиынтығымен түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сөйтіп, нақты ұлттық білім беру жүйесінің шынайы тәжірибесі контекстінде келесідей түрде: үштілді білім беру – бұл қазақстандықтардың халықаралық стандарттарға сәйкес үш мақсатты тілдерді бір мезгілде меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жиынтығы «үштілді білім беру» түсінігінің мәнін ашып көрсетуі мүмкін.

Бірақ қаншалықты осы түсінік кең ғылыми қолданысқа әлі енбегендіктен, осы саладағы ғылыми зерттеу бойынша ақпаратты нақтылау қажет. Сондықтан үштілді білім беру тәжірибесін жақсарту үшін ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу мониторингін жүргізуге қажетті ақпараттар алаңы кеңейтілді.

Негізінен, мониторинг құрылымында бастапқы құжаттарды орындаушылардан келесі ақпараттар көрсетілуі тиіс:

– **бірінші бөлім** – ізделіп отырған мәселе бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерін орындаушы және енгізуші ұйымдардың атауы туралы;

– мониторингтің **екінші бөлімі** – жобалардың атауы туралы;

– **үшінші бөлім** – келесі нақтылаулармен: *гранттық қаржыландыру (3.1); бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру(3.2); мемлекеттік тапсырма (3.3); бастамашы жоба (3.4), бұған докторлық, кандидаттық диссертациялар, PhD диссертациясы жатады; шауашылық шартты жоба(3.5); қаржыландыру түрі туралы*

– **төртінші бөлім** – жобаны қаржыландыратын мемлекеттік органдардың атауы туралы (*бұл бөлім жоғарыда көрсетілген 3.1; 3.2; 3.3 ұстанымдар үшін толтырылады*);

– **бесінші бөлім** – қаржыландыру көлемі туралы (*бұл бөлім де жоғарыда көрсетілген 3.1; 3.2; 3.3 ұстанымдар үшін толтырылады*);

– **алтыншы бөлім** – ғылыми жобаларды жүзеге асыру мерзімі және уақыты туралы;

– **жетінші бөлім** – *тегін, әкесінің атын және атын (7.1), ғылыми дәрежесін(7.2), ғылыми атағын(7.3), лауазымын(7.4), және байланыс мәліметін (7.5 және 7.6) көрсетумен, жобалардың ғылыми жетекшілері туралы;*

– **сегізінші бөлім** – жарияланған өнімнің атауы және алынған нәтижелердің түрі көрсетілген басылымдар туралы;

– **тоғызыншы бөлім** – ғылыми жұмыс нәтижесі енгізілген білім беру ұйымдарының, аймақтардың, елдердің, халықаралық ұйымдардың атауы мен заңды мекенжайы көрсетумен жоба нәтижесін енгізу масштабы туралы;

– **оныншы бөлім** – білім беру тәжірибесінде оны қолдану (пайдалану) бойынша авторлардың алынған нәтижелері мен ұсыныстарындағы жаңалықтар туралы.

2 Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге мониторинг жүргізуде ақпараттар жинау және мәліметтер базасын өңдеу әдістері

Мониторингтік зерттеу әдісі көп жағдайда негізінен ғылыми зерттеу әдіснамасымен үндеседі. Осы мағынада мониторинг әдісі – бұл өз кезегінде уақыт бойынша ашып көрсетілген зерттеу моделі. Сонымен әдістерді таңдауда көптеген факторлар, ең алдымен зерттеу пәні, мақсаты, міндеттері ескеріледі. Сонымен қатар, зерттеу әдісі өзіндік қасиетіне қарамастан нақты міндеттерді шешуде арнайы компоненттердің белгілі құрылымы болады.

Көрсетілген жалпы ережелерден Ұлттық академиямен білім беру тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін енгізуге мониторинг жүргізу жүзеге асырылды.

Осыған байланысты мониторинг жүргізудің құрылымы мен технологиялық карталары әзірленді (қараңыз, сы құжаттың 1 бөлімі).

Алдын ала дайындық: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарына, елдің бірқатар ғылыми ұйымдарына үштілді білім берудің озық тәжірибесі үшін зерттеу нәтижелерін енгізуге мониторинг жүргізуге қатысуға хат жіберілді.

Бастапқы мәліметтерді жинау және ақпараттар ағынын өңдеудің негізгі әдісі мониторинг жүргізудің технологиялық картасы түрінде құрылымдалған форма бойынша сұрау, сонымен қатар орындаушымен жеке сұхбатта бастапқы құжаттарды (технологиялық карталар) анықтау болып табылады.

Сонымен қатар, мониторинг сауалнамаға жауап берушілердің басты жиынтықтан шығатын жиынтық іріктеу есебін болжамдайды. Сонымен мониторингке еліміздегі 37 жоғары оқу орындарынан 75,7% құрайтын 28 ЖОО қатысты. Осы іріктеу толығымен қайталанып таныстырмалы болып табылады, сондықтан талдамалық анықтамада көрсетілген ақпарат көлемі фактілердің нақтылығын көрсетеді.

Ақпараттар ағынын жинау әдістерінің бірі жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың және басқа құрылымдардың сайт материалдарын зерделеу болып табылады.

Келесі әдіс Академияның жұмысшы топтарында алынған және өңделген талдау нәтижелерін талдау, содан кейін Академияның ғылыми кеңесі мүшелерінің арасында талқылау болып табылады.

Ақпараттарды өңдеуде статистикалық деректерді математикалық өңдеу әдісі қолданылды.

3 Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге жүргізілген мониторинг мәліметтерін талдау нәтижелері

Қазақстан Республикасындағы білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі үштілде білім беруді жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан - 2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында тағы да «біздің балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін белсенді зерделеуі үшін жағдай жасау бойынша» қажетті шаралар әзірлеу қажеттілігі атап көрсетілген.

Қазақстанда көптілді/үштілде білім беру тәжірибесі өзінің тарихын 2007 жылдан бастайды. Қысқаша тарихи экскурстың арқасында келесіні баяндауға болады:

2007 жыл

Қазақстан Республикасы Президенті «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасына бастамашылық етті.

2008 жыл

Көптілді білім беруді жүзеге асыру бойынша базалық ЖОО-ы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатыныстар мен әлем тілдер университеттері болды. (ҚР БҒМ-нің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары бойынша базалық білім беру ұйымдарын бекіту туралы» 2008 жылғы 22 шілдедегі №441Бұйрығы»).

Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамытудың Тұжырымдамасы әзірленді (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті).

Көптілді білім беру бағдарламаларын ЖОО-да ретімен енгізудің нормативтік құжаттары әзірленді (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті).

Көптілді білім беруді дамыту орталығы ашылды (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті).

«Жоғары мектеп жүйесіндегі көптілді білім беру: мәселелері мен болашағы» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді. (ҚР БҒМ мен Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетімен бірге).

Бұл конференцияның екі күндік бағдарламасына мынадай іс-шаралар енді:

1) Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатыныстар мен әлем тілдер университеті, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті ЖОО-дың көптілді білім берудегі оқу-әдістемелік базаларының көрме-таныстырылымы;

2) Президенттік мәдениет орталығындағы пленарлық отырыс (Астана қ.);

3) Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде үш секциясының жұмысы (Қарағанды қ.):

- «Көптілді білім берудің теориялық аспектілері»;
- «Көптілді білім берудің қолданбалы аспектілері»;
- «Басқа тілде оқытатын білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді оқыту мәселелері»;

4) Көптілді білім беру орталығының таныстырылымы;

5) Жоғары оқу жүйесіне көптілді білім беруді енгізу мәселелері бойынша семинар.

Аталған конференция Қазақстан Республикасының ЖОО басшылары, ғалымдар мен оқытушылардың жоғары білім беру сапасын арттыру мен даму перспективасының өзекті мәселелерін шешудегі терең мүдделерін көрсетті, оны конференция секцияларының жұмысы барысында талқылауға шығарылған кең ауқымдағы мәселелер дәлелдейді.

Баяндамалар тақырыптарын талдау барысында төменде көрсетілген күрделі және ғылыми мүддені арттыратын мәселелерді көруге болады:

– көптілді тұлғаны қалыптастырудағы теориялық-әдіснамалық аспектілері (Алекс Бортолан, Бірінші хатшы, Қазақстанда Франция елшілігін құру жөніндегі мәселелер бойынша атташесі (2002-2008жж).-*Қазақстанда француз тілін оқыту перспективалары* (Франция); Хасанов Б., ф.ғ.д., проф.- *Қазақстан ЖОО-ларындағы көптілді оқыту мәнмәтіндегі үштілдік мәселелері* (Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.); Абдрахманова Т.М., ф.ғ.к. – *Шетел тілін оқытудағы мәселелер: заманауи үрдістері* (Д.Серікбаев атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Өскемен қ.); Шелестова Т.Ю. – *Көпмәдени білім: мәдениеттер диалогы және билингвалдық оқыту* (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті); Қажығалиева Г.А., п.ғ.д., проф. – *Қазақстандық жоғары оқу орнында орыс тілін оқытудағы мәдениеттанулық аспектілері* (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.); Сыздықова Ш.М. – *ЖОО-да орыс тілі оқытуды жетілдіру жолдары* (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті); Аяпова Т.Т., ф.ғ.д., проф. – *Кез келген ана тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйрету үрдісі* (Абылай хан атындағы ХҚ және ӨТУ, Алматы қ.);

– шынайы оқу үдерісінде тілдерді бірге оқу (Кондубаева М.Р., п.ғ.д., проф., Кубаева И. - Жоғары оқу орнындағы маманның көптілді тұлғасын қалыптастыру тұжырымдамасы (Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатыныстар мен әлем тілдер университеті, Алматы қ.); Исмагулова Б.Х., ф.ғ.д. - Жоғары мектеп жағдайында маманның билингвалды (көплингвалды) тұлғасын қалыптастырудағы мәселелер (М.Тынышбаев атындағы қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ.);) Баркибаева Р.Р., ф.ғ.к., доцент - Техникалық ЖОО-да көптілді тұлғаны қалыптастыру мәселесіне орай (Қ. Сатбаев атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.); Агманова А.Е., ф.ғ.к., доцент - Көплингвалды социум жағдайында қайталама тілдік тұлғаны қалыптастыру (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.); Колмогорова Г.Б., п.ғ.к., - Мемлекеттік тілде оқытын топтардағы орыс тілі сабағында қайталама тілдік тұлғаны қалыптастыру (Шәкәрім атындағы Семей

мемлекеттік университеті); Жанкина Б.Ж., доцент, Тлеужанова Г.К., п.ғ.к., доцент - Мәдениет аралық коммуникациялар контекстіндегі тілдік тұлға (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті); Гекман М.Л. - Жаһандастыру дәуіріндегі көптілді тұлға (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

– қазақ тілін оқудағы дидактикалық және инновациялық аспектілері (Қасым Б., ф.ғ.д., проф. – *Мемлекеттік тілді меңгеру жүйесінің деңгейлеріне арналған стандарттардың мазмұнын құрастырудың әдіснамалық негіздері* (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.); Авакова Р.А., ф.ғ.д., проф. – *Халықаралық кеңістіктегі қазақ тілінің мәртебесі* (Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.); Құрманова Б.Ж. ф.ғ.к. – *Қазақ тілін оқытудың мультимедиялық дәрістің маңызды қызметі* (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті); Жақсылықова К., п.ғ.д. – *Мемлекеттік тілді техникалық сала мамандарына қашықтан оқыту мультимедиялық кешенінің ерекшелігі жайында* (Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы қ.); Мұқанова Қ.К., п.ғ.к., доцент – *Орыс топтарында қазақ тілін жаңа технология арқылы оқытудың педагогикалық аспектілері* (Семей мемлекеттік педагогикалық институты); Атажанова З.М., ф.ғ.к., доцент – *Ағылшындарға қазақ тілін үйретудегі мәтінмен жұмыс* (Орталық Азия университеті, Алматы қ.).

Бұл Конференция жұмысына Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасындағы АҚШ Елшілігінің, Германия академиялық қызмет алмасудың, Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі корей агенттігінің өкілдері, елдегі 70 ЖОО-дың басышылығы мен ғалымдары, сонымен қатар, педагогтар, Астана қаласының орта мектептерінің мұғалімдері қатысты.

Жоғары мектеп жүйесіндегі көптілді білім беруді енгізу мәселелерін талқылау нәтижелерін ескере отырып, конференцияға қатысушылар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне:

– «Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамытудың Тұжырымдамасын» бекітуді;

– көптілді білім беру мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу орталық құруды;

– көптілді мұғалім дайындығы бойынша мамандандыруды қарастыратын педагогикалық мамандарға арналған МЖМБС және көптілді білім беру аясына кіретін пәндерге арналған Типтік оқу бағдарламалар әзірлейтін ЖОО-ды анықтауды;

– базалық ЖОО-лардың «Тілдердің үштұғырлығы» жобасын жүзеге асырудағы тәжірибелерін мақұлдауды;

– Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне көптілді білім беру аясында оқу процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік және оқу-әдістемелік базасын дайындау мен басып шығаруды тапсыруды;

– Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне ҚР БҒМ-ның грифімен үштілдік терминологиялық сөздігін дайындау мен басып шығаруды тапсыруды;

– Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне қазақ, орыс, ағылшын тілдерін тереңдетіп оқыту бойынша оқу құралдардарын әзірлеу мен басып шығаруды тапсыруды;

– Республика ЖОО-ларына:

– «Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамытудың Тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында басқа тілде білім беруді дамытудың Тұжырымдамасы», сонымен қатар, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асырудағы базалық ЖОО-лардың тәжірибелерін ескере отырып көптілді білім беруді енгізуді орындауын;

– көптілді білім беруді дамыту Орталықтарын құруды;

– көптілді білім беру үдерісінің қағидаларын анықтайтын ЖОО-лардың ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуін ұсынды;

– Бұл конференция жалпы республиканың ғылыми-педагогикалық қауымдастығының өмірінде аса маңызды оқиға болды, оған қатысушылар контингентінің сандық және сапалық құрамы куәлік етеді.

2009-2011 жылдар

Ағылшын тілінде арнайы (базалық және бейіндік) пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу басталды, ҚР БҒМ-нің грифімен алты бағыттағы даярлық бойынша үштілді терминологиялық сөздік басылып шықты, оқу құралдары, практикумдар жарияланды. (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті).

Ағылшын тілінде оқу-әдістемелік материалдар қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тиімді зерделеу үшін академиялық база құрылды, оқытушыларды тілдік даярлау белсенді жүргізілді, профессор оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру жүзеге асырылды. (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті).

Ағылшын тілі бойынша бірнеше оқыту семинарлары, республикалық олимпиадалар өткізілді (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ҚР БҒМ «Дарын»РҒПО-мен бірге).

Үш тілде оқытатын арнайы мектептер үшін ағылшын тілінде оқу-әдістемелік кешендер әзірленді. (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті).

Үш тілде оқытатын арнайы мектептерде кафедра филиалдары ашылды. (Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті).

Қазақстан Республикасының 33 мектебінде көптілді білім беру бойынша эксперимент басталды.

2012-2013 жылдар

Қазақстанның ЖОО-да көптілді білім беру саласында мониторингтік зерттеу жүргізілді. (ҚР БҒМ Болон үрдісі Орталығы).

Көптілді білім беру мәселесіне арналған түрлі деңгейдегі форумдар өткізілді:

– ағылшын тілі мұғалімдерінің III форумы (Астана қаласының білім басқармасы);

– оқыту семинарлары (АҚШ Елшілігі ағылшын тілінің аймақтық орталығы);

– Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған «Мультилингвизм және мәдениетаралық білім беру: Қазақстанда шет тілін оқыту тәжірибесі» халықаралық ғылыми-әдістемелік семинары (Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ).

ҚР БҒМ-мен көптілді білім беруге үлкен көңіл бөлінген «Қазақстанда филологиялық білім беруді дамытудың басым бағыттары» филологтардың I-Съезді ұйымдастырылды.

Съезд аясында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында көптілді білім беруге арналған «Білім – Образование» журналының арнайы нөмірі жарыққа шықты.

2014 жыл

Қазақстанның пилотты мектептерінде көптілді білім беру саласында мониторингтік зерттеу басталды. (Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы).

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында көптілді білім беру мәселесіне арналған Республикалық «12 жылдық білім беру – 12-летнее образование» (№1, 2014 ж.) журналы дайындалды.

3.1. Қазақстан республикасындағы көп/үштілді білім беру саласындағы диссертациялық зерттеулер

Жоғарыда айтылғандай, 2008 жылы жоғары оқу жүйесінде ҚР БҒМ-нің бұйрығымен көптілді білім беруді жүзеге асыру бойынша базалық ЖОО-ы ретінде Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатыныстар мен әлем тілдер университеттері бекітілді.⁵ Аталған екі ЖОО-ның базасында осы жылдар бойы үштілдік білім беру мәселелеріне тікелей қатысты екі іргелі зерттеулер орындалған. Олар:

– С.С.Құнанбаеваның 2005 ж. «Қазіргі шеттілдік білім беру: әдіснамасы және теориясы» докторлық диссертациясы;

– Б.А.Жетпісбаеваның «Көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясы.

Орасан зор ғалым-лингвист С.С.Құнанбаеваның «Қазіргі шеттілдік білім беру: әдіснамасы және теориясы» монографиясында жаңартылған когнитивті-лингвомәдениеттанулық әдіснама негізінде шеттілдік білім беруді жаңғырту идеясы алынған. Сәлима Сағиқызы Құнанбаева басқаратын әдістемелік мектеппен шеттілдік білім берудің жалпыеуропалық және ұлттық моделдер мен стандарттарды үйлестіретін халықаралық-бейімделген ұлттық шеттілдік білім беру жүйесі енгізілген. Білім беру саласындағы Мемлекеттік саясаттың негізгі

⁵ Приказ МОН РК № 441 от 22.07.2008 года «Об утверждении базовых организаций образования по приоритетным направлениям развития высшего и послевузовского образования»

бағытына, 2015 жылға дейінгі Білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес, сонымен қатар, әлемдік білім беру жүйесін дамытудың озық үдерістерін ескере отырып Сәлима Сағиқызының жетекшілігімен әдіскерлермен білім беру жүйесінің барлық кезеңдерінде ШТ менгеру деңгейіндегі біртұтастық пен сабақтастықты қамтамасыз ететін, мемлекеттік тілдік саясат негізінде шеттілдік білім беруді кешенді жаңғыртудың «ҚР Шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» әзірленді.

Осы «ҚР Шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» негізінде шеттілдік білім беру жүйесінің түрлі деңгейлері мен буындарына арналған шет тілдік оқулықтар сериясының негізіне жататын шет тілі оқулығының моделі құрылды.

Қазіргі талаптарға сәйкес қазіргі инновациялық-түрлендірулік жүйе мен жаңғыртылған жоғары кәсіптік білім беруді талдау және сыни ұғыну негізінде С.С. Құнанбаевамен салалық жоғары білім беруді әдіснамалық-негізделген жаңғырту платформасын көрсететін кәсіби шеттілдік білім беруді құзыреттілік моделдеу негізі және шеттілдік кәсіптік жоғары білім беруді түрлендіру үшін стратегиялық бағыт жүйесі әзірленді.

Университет қазіргі еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес және мамандар даярлаудың 3 сатылық халықаралық-стандарттық талаптарын ескере отырып шеттілдік және халықаралық бағыттар бойынша білім беру бағдарламаларын бір мезгілде бейімдеумен бакалавриат және магистратура мамандықтары наменклатурасын кеңейтеді. С.С.Құнанбаева жетекшілігімен жүргізілген: «Қазақстан ғаламдық мәдениетаралық және тілдік қауымдастықта (қазақ тілі және әлем тілдері)» және «Әлемдегі білім беруді интернационализациялау жағдайында жоғары білім беру жүйесін универсализациялау моделі және механизмі» жобалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының инновациялық дамуы үшін ерекше өзекті және маңыздылықпен сипатталады⁶.

Дегенмен ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу жоспарында жоғарыда атап көрсетілген Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті базасындағы ОӘБ Кеңесімен бекітілген (Хаттама №1 25.02 2006ж.) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген «Қазақстан Республикасында шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» ерекше маңызға ие.

Осы тұжырымдама бағдарламалық құжат ретінде халықаралық-стандарттық талаптарға сәйкес шеттілдік білім беруді кешенді және терең жаңғыртуды қамтамасыз етеді. Осы жаңғыртудың идеясы деңгейлік модел формасында. Осы модел авторларының пайымдауы бойынша деңгейлердің нақты санын анықтау және олардың әр типтегі оқу орындары үшін мазмұндық аспектісі есебінен сабақтастық, үздіксіздік принциптерін және шеттілдік білім берудің сапасын ілгерілемелі даму сапасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Осы құжат әр деңгей үшін шеттілдік оқығандықты бақылаудың халықаралық-

⁶ www.ablaikhan.kz/ru/study-process/study-process/our.../2-uncategorised.htm

стандарттық механизмін және отандық шет тіліне оқыту жүйесінің пәндік мазмұнын үйлесімді біріктіреді.

Тұжырымдама мақсаты Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне енуін қамтамасыз ететін шеттілдік білім беруді дамытудың негізгі бағыттарын анықтау, шеттілдік білім берудің үздіксіз және сабақтастық, ұлттық деңгейлік моделін құрудан көрінеді.

Тұжырымдама міндеттері :

1. Қазақстан Республикасындағы қазіргі кезеңдегі шеттілдік білім берудің шынайы жағдайын айқындау.

2. ҚР үздіксіз шеттілдік білім беру жүйесінің теориялық-әдіснамалық негізін белгілеу.

3. Білім беру құрылымының барлық сатысын қамтитын үздіксіз- бірізді шеттілдік білім беру жүйесін анықтау.

4. Осы тұжырымдаманы жүзеге асыру кезеңдерін анықтау.

5. Күтілетін нәтижені болжамдау.

Осы Тұжырымдама мақсат ретінде мазмұны тек прагматикалық білім, білік, дағды ғана емес тіл мен мәдениетті қатар өзара байланыста оқытуда шет тілі құралымен тұлғаны дамыту болып табылатын «шет тіліне оқыту» емес, «шеттілдік білім беру» ретінде көрінетін шет тілін оқытуда мақсатты міндеттілікті қайта бағдарлауға бағытталғанын ерекше атап көрсетуге болады.

Шеттілдік білім берудің көрсетілген мақсатындағы сәйкес жетістіктер үшін құжат авторлары идеяны жүзеге асырудың келесі принциптерін анықтады:

- үздіксіз және бірізді шеттілдік білім беру;
- коммуникативтік-мәдениетаралық өзара байланыс;
- оқу процесін ұйымдастырудың проблемалығы мен интерактивтілігі;
- оқыту процесінің тұлғалық және жеке бағыттылығы;
- шеттілдік білім берудің іргелілігі;
- халықаралық-стандарттық оқығандық деңгейін қамтамасыз ету;
- шет тілін шығармашылық, когнитивті-қызметтік қолдану;
- рефлексивті өзін-өзі реттеу;
- әлеуметтік-экономикалық өмір өзгерістеріне икемділігі және беймделгіштігі;
- кәсіпқойлығы.

Авторлардың пайымдауы бойынша шеттілдік қосалқы жүйенің тұтастығы біртұтас әдіснамалық платформамен, біртұтас нормативтік-басқарулық және мазмұндық базамен, сонымен қатар шеттілдік құзыреттің біртұтас бақылау-бағалау механизмін енгізумен қамтамасыз етіледі. Сонымен шеттілдік білім берудің негізгі мақсаты – бұл шеттілдік құзыреттің барлық кешенін қалыптастыруда бірізділік пен үздіксіздікті қамтамасыз ететін жеке деңгейлердің мақсаты мен міндеттерінің иерархиялық жүйесін жүзеге асыру арқылы мәдениетаралық, шеттілдік қатынасқа дайын және қабілетті саты бойынша қол жеткізетін екінші тілдік тұлға қалыптастыру, сонымен қатар халықаралық стандарт талаптарына сәкес оқығандық сапасының нақты көрсеткіштеріне жету. Осы талаптар негізіне Еуропаның барлық елдері үшін

тілді оқығандық деңгейіне қойылатын талаптарды сәйкестендіруші «Шет тілін меңгеру деңгейінің жалпыеуропалық құзыреті» бағдарламалар және стандарттары қойылды. Осы моделде білім беру бағдарламаларын қабылдаумен және әр деңгей сертификаттарына сәйкес 6 оқығандық деңгей ерекшеленеді. Бұл деңгейлер мазмұны Тұжырымдаманың 3.2.1, 3.2.2, 3.2.3 пункттерінде ашылатын А1, А2, В1, В2, С1, С2 литерімен белгіленеді. Көрсетілген деңгейлер ұлттық білім беру жүйесі ерекшеліктерімен үйлеседі және Тұжырымдамада қабылданған білім беру құрылымына сәйкес келесідей түрде жүзеге асады:

Орта мектептің бастауыш сыныптары үшін бастапқы оқу бағдарламасы ұсынылады;

- негізгі саты үшін (5-10 сыныптар) –А1, А2деңгейлері;
- 12 жылдық бейіндік сыныптар үшін (11-12 сыныптар.) – В1деңгейі және бейіндік-бағытталған оқыту бағдарламасы;
- арнайы мектептер үшін – В2 4-деңгей бағдарламалары мен стандарттары;
- техникалық-кәсіптік білім беру мекемелері үшін –В1 деңгейі және LSPнегіздері;
- ортадан кейінгі кәсіптік білім беру үшін –В2 деңгейі және LSP;
- тілдік емес жоо үшін –В2 деңгейі және LSP толық курсы (кәсіби бағдарлама);
- тілдік жоо үшін –В2, С1, С2 деңгейлерін меңгеру, LAP бағдарламалары (тіл академиялық мақсаттар үшін) және LSP арнайы-кәсіптік бағдарламасы;
- магистратура үшін –С1 деңгейі, тілдік жоо үшін С2 екінші ШТ; С1деңгейі, тілдік емес жоо үшін бірінші ШТ; LSP – бейіндік магистратура үшін; LAP, LSP – ғылыми зерттеу үшін.

Шеттілдік білім берудің жаңа жүйесінің маңызды ерекшелігінің бірі оның бағыттылығында оқытудың соңғы нәтижесі, яғни белгілі мақсатты міндеттік оқығандық деңгейі тұратын концептуалдық негізделген деңгейлік тәсіл.

Бұл жүйе халықаралық сапа бағасының отандық пәндік мазмұнмен сәйкестігін көрсетеді, барлық типтегі білім беру мекемелері үшін әр деңгейде вариативті мазмұндық білім беру бағдарламалар бөлігімен біліктілікті-сапалық талаптарды шет тілін оқығандық деңгей бойынша соңғы нәтижеге сәйкестендіреді. Шеттілдік білім беруді дамытудың негізгі бағыттары үздіксіз шеттілдік білім беру жүйесін басқару, сонымен қатар, (ШТ) шет тілі бойынша педагог кадрларды даярлауды жетілдірудің негізгі бағыттары Қазақстандағы шеттілдік білім берудің жете шынайы жағдайы негізінде Тұжырымдамада анықталған. Осы негізде шеттілдік орта білім беру деңгейлері және мазмұны белгіленді:

- а) бастауыш шеттілдік білім беру (2-4 сыныптар.);
 - б) негізгі шеттілдік білім беру (5-10 сыныптар.);
 - в) орта шеттілдік білім беру;
 - г) ортадан кейінгі шеттілдік білім беру;
- жоғары шеттілдік білім беру;
жоғары оқу орнынан кейінгі шеттілдік білім беру.

Сонымен Тұжырымдама авторлары күтілетін нәтиже ретінде төмендегіні болжамдады:

- ҚР үздіксіз-бірізді шеттілдік білім беру жүйесін қамтамасыз ету;
- халықаралық-стандарттық талаптарға сәйкес шеттілдік оқығандық деңгейге жету;
- шет тілін меңгеру саласында дипломдардың ауыстырымдылығы;
- шет тілі бойынша халықаралық сертификаттар алу мүмкіндігі;
- нормативтік-басқарулық және оқу-әдістемелік құжаттарды түбегейлі қайта жасау;
- жаңа әлеуметтік тапсырыс талаптарына жауап беретін оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер жасау;
- шеттілдік білім беруді дамытудың ұлттық Тұжырымдамасын шығармашылық жүзеге асыруға қабілетті құзыретті, жоғарыбілімді, бәсекеге қабілетті жаңа буын шет тілі оқытушыларын дайындау;
- Қазақстанды әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру.⁷

Б.А.Жетпісбаеваның «Көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негізі» тақырыбындағы докторлық диссертациясы. Осы тақырыптағы Б.А. Жетпісбаеваның диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері диссертант басып шығарған монографиялар, оқу құралдар, электрондық оқулықтар, автоматтандырылған оқыту бағдарламалар, әдістемелік ұсынымдардың мазмұнында, көптілді білім беру мәселелері бойынша өткізілген халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен ғылыми-әдістемелік семинарлардың материалдарында, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамытудың Тұжырымдамасы, 2008 - 2012 жж арналған Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінде көптілді білім беруді енгізу бағдарламасы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінде көптілді білім беруді ұйымдастыру туралы ережелер, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетіндегі көптілді білім беру орталығының қызметі туралы ережелер, сапасының бірыңғай бақылау-бағалау механизмін біріктіретін көптілді білім берудің педагогикалық мониторингінің бағдарламасы деген ресми құжаттардың қатарында жарияланған.

Көптілді білім берудің оқу-ұйымдастырушы пішімі ретінде мультимедиялық тілдік орталықтар ұйымдастырудың қағидалары арқылы құрылған, бірақ білім беру мен қатар басқару қызметін атқаратын «Көптілді білім беруді дамытудың орталығын» айтуға болады.

Барлық үлгідегі білім беру ұйымдарындағы, жоғары мектептегі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде, педагог кадрлардың біктілігін арттыру курстарындағы педагогикалық процесте қолданбалы ғылыми зерттеу нәтижелері қолданылуы мүмкін.

⁷ <http://www.bestreferat.ru/referat-411105.html>

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы мынада жатыр:

– көптілді білім берудің факторы мен негізгі өзектілігі ретінде заманауи тілдің жағдайына педагогикалық талдау жасау барысында оның тарихи-педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық және теориялық алғышарттарын ғылыми тұрғыдағы мәнін анықтауға мүмкіндік берді;

– педагогикалық кезең логикасы мен педагогикалық жүйенің құрылымына сәйкес олардың дедуктивтік орналасуына және қажетті категориялар мен түсініктердің ғылыми байланысын іріктеу негізінде көптілді білім берудің педагогикалық тезаурусы әзірленді, бұл негізгі «көптілді білім беру» және «көптілді тұлға» зерттеу ұғымына түсінік береді;

– көптілді білім берудің теориялық негізі пән мен объектіні анықтау арқылы жасалады, сондай-ақ, лингводидактика мен этнодидактиканың түйіскен жерінде пайда болған ғылыми білім саласындағы пәнаралық этнолингводидактика ұғымы жүйесін құру;

– көптілді білім беру практикасын ұйымдастыру үшін ғылыми негізделген ұйғарымын әзірлеуге мүмкіндік беретін әдіснама-технологиялық құралдар, арнайы әдістер мен ерекше құралдар көптілді білім берудің әдіснамалық қамтамасыз ету бойынша негізін қалайтын жиынтық ретінде этнолингводидактикалық тәсілі ұсынылды;

– көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қолдау оның инновациялық-педагогикалық ерекшелігіне негізделіп жобаланған;

– оқыту мен білім беру іс-әрекетінің нәтижесін саралау жүйесі ретінде көптілді білім берудің педагогикалық мониторингі әзірленген;

– аталған процестегі субъектінің іс-әрекетін реттейтін және көптілді білім берудің нормативті-құқықтық базасын құжаттар жиынтығын әзірлеу негізінде жетілдірілген.⁸

Аталған зерттеудің негізгі нәтижесі ретінде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің бір топ ғалымдарының бастамасымен әзірленген Қазақстан республикасындағы көп тілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасын атауға болады.

Тұжырымдаманың эпиграфы ретінде көптілді білім берудің негізгі идеясын білдіретін «Адам неше рет тіл білсе, сонша рет адам» деген нақыл сөз алынды.

Аталған Тұжырымдаманы әзірлеу ұстанымы ретінде екі жағдай анықталды:

– біріншіден, Тұжырымдаманы нормативті-құқықтық, теориялық-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік жағын қамтамасыз етуді анықтайтын көзқарастар жүйесі ретінде түсіну және оның негізгі даму кезеңдерін, түрлі үлгідегі оқу мекемелерінде көптілді білім беру идеясының оқу-ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

⁸ <http://scipeople.ru/publication/87017/>

– екіншіден, көптілді білім беруді нысаналы ұйымдасқан бірыңғай процесс негізінде үш және одан да көп тіл білетін көп тілді тұлға қалыптастыру деп түсіну .

Тұжырымдама мазмұнының негізгі ұғымын түсінуде екі ұштылық болмас үшін көптілді білім берудің педагогикалық тезаурусы негізінде берілген.

Аталған тезаурус мақсатына сәйкес реттелген педагогикалық жүйелердің бір-бірімен тығыз байланысты құрамдас түсіндірмесіне негізделген. Білім беру мазмұны, құралдар, білім беру субъектінің іс-әрекетінің формасы мен әдісі құрамдас бөліктердің арасында ең маңыздысы болып табылады. (педагогтер мен білім алушылар). Әңгіме қалыптасқан көп тілді тұлға - күтілетін нәтижесі мен мақсатына сәйкес мазмұны іріктелетін көптілді білім беру жүйесі туралы болмақ. Бұл ұғымның экспликациясында авторлар заманауи ғылымда осылайша терминделген санаттағы тілдік жеке тұлға, екінші тілдік жеке тұлға, көпмәдениетті жеке тұлға, этномәдениетті жеке тұлға, этномәдениетті субъект, этносубъектісі теориясына сүйенді.

Бұл категориялардың эволюциясы теориялық талдама нәтижесіне сүйене отырып, авторлар көптілді жеке тұлғаға бірнеше тілде белсенді сөйлеуші ретінде ана тілінде; қауымда өмір сүруде қолданатын ; бір немесе бірнеше шет тілін біледі деген анықтама береді.Әлеуметтік қарым-қатынасты дамытатын мәдениетаралық парадигмалар анықтамасы былай толықтырылды: көпэтникалық білім беру ортасы жағдайында қалыптасқан көптілді жеке тұлға сұқбат мәдениетінің субъектісі.

Осылайша, жоғарыда берілген санаттар баяндалған тезаурустің бірінші бөлігін құрайды. Логикалық ретпен басқа екі бөлік құрылады : оның ұсынылымы және көп тілді білім беру мазмұнын іріктеу.

Аталған тезаурус «қолданыстағы» түсінікті анықтаудан басталады:

– тұжырымдама (лат.conception – түсінік, қабылдау, жүйе) – 1) бір нәрсеге көзқарастар жүйесі; 2) зерттеудің мақсаты мен міндеті анықталған кезде, негізгі ой; 3) шығатын теориялық ережелер жүйесі, зерттеу ізденісінің базасы болып табылады 4) бір құбылысты қарау тәсілдері, бір нәрсені түсіну⁹;

– білім беру тұжырымдамасы – білім мазмұнына көзқарастар жүйесі және әртүрлі үлгідегі білім беру мекемелерінде базалық оқу пәндерін оқыту ұзақтығы, мақсатты, міндетті түсінуді анықтау жолдары және білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру¹⁰;

– өзге тілде білім беруді дамыту тұжырымдамасы– мақсат, міндеттер, деңгейлер, мазмұн және өзге тілде білім беруді дамытуға арналған негізгі бағыттар, жалпы стратегияны анықтайтын ғылыми-практикалық, әдіснамалық құжат.

– көп тілді білім беруді дамыту тұжырымдамасы– теориялық шығатын ережелердің жүйесі, мақсат, міндеттер, құрылымын анықтайды және көп тілді білім беру мазмұны;

⁹ Педагогический энциклопедический словарь. В 2-х т. – М., 1993.

¹⁰ Педагогический энциклопедический словарь. В 2-х т. – М., 1993.

– көп тілді білім беру тұжырымдамасын дамыту – көзқарастар жүйесі, нормативті-құқықтық, теориялық-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік және түрлі үлгідегі оқу мекемелерінде көптілді білім беру идеясының оқу-ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыру және оның негізгі кезендері мен оны дамыту бағыттары; (Б.А.Жетпісбаева);

– көптілді білім беру индикаторлары – көрсеткіш, критерилер жүйелері, көп тілді жеке тұлғаның қалыптасқан өлшемдері (Б.А.Жетпісбаева).

– көптілді білім беру мониторингі – білім алушылардың іс-әрекетін психологтік-педагогикалық қадағалау нәтижелерінің жүйесі және педагогтердің іс-әрекетінде бірнеше тіл білуін ғылыми-әдіснамалық қолдау: ана тілі; қауымда өмір сүруде қолданатын тілдер; бір және /немесе бірнеше шет тілдері (Б.А.Жетпісбаева).

Осы терминологиялық аппаратқа сүйене отырып Тұжырымдаманы әзірлеу басталған еді. Білім беру мекемелерінде шынайы педагогикалық процеске енгізудің практикалық жоспарында көптілді білім беру мәселесі авторлар ойы бойынша олардың көзқарастарның жүйесі көрініп жатуы керек. Әсіресе, практикаға бағытталғандығы оның құжат ретіндегі сипатын анықтайды және «көптілді білім беруді дамыту тұжырымдамасы» мен «көптілді білім беру тұжырымдамасы» арасындағы түсінікті ажыратады. Соңғысы ресми құжат болып табылмайды және көптілді білім берумен байланысты теориялық-әдіснамалық ережелер жүйесін ұсынады.

Келесі Тұжырымдаманың (тезаурустан кейін) бір құрылымы оның кіріспесі болып табылады, аталған Тұжырымдаманы әзірлеуде өзектілігін негіздедік, көптілді білім беруді дамытуда негізгі басымдықтарын белгіледік, атап айтқанда: *нормативті-құқықтық, теориялық-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік және оқу-ұйымдастырылуын қамтамасыз ету*. Мұндай басымдықтар көптеген мәселелер айналымын ғана қамтып қоймайды, көптілді білім беру идеясын табысты іске асыруға түзілім мүмкіндік береді, бірізді және қадамдық іс-әрекеттің жүйелілігін қойылған мақсатқа сәйкес іске асыруға алгоритмді модельдеу себепші болады., қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде конституциялық мәртебесін нақты қамтамасыз етуге бағытталған, орыс тілінің әлеуметтіклингвистикалық белсенділігін сақтау және әлемдік кеңістікте интеграциялау құралы ретінде шет тілін дамыту, көптілді білім беруді дамыту үшін нормативті-құқықтық базаны жетілдіру талап етіледі.

Дамыту жоспары бойынша көптілді білім беруді теориялық-әдіснамалық қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында тілдік жағдайға ғылыми талдау жасау, педагогикалық, әлеуметтіклингвистикалық, лингводидактикалық зерттеу жүргізу қажет, көптілді білім берудің концептуальды негізін әзірлеу, шетелдік және отандық оң тәжірибені зерделеу және тарату, сонымен қатар, көп тілді жеке тұлғаны қалыптастыру бойынша ғылыми әзірлемелер дайындау қажет. Көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік дамыту аясында көптілді білім беруді және қолданыстағы ОӘЖ-оқу – әдістемелік кешенді, әдістемелік кешенді (бағдарламалар, оқулықтар, көптілді сөздіктер, мультимедиялық және электронды құралдар т.б.) жетілдіру үшін педагог кадрларды дайындау және

қайта даярлау жүйесін жетілдіру қажет; қазақ тілі бойынша көп тілді білім берудегі оқу пәні ретінде ОӘК-ні әзірлеу; жеке оқу пәндері бойынша жаратылыстану бағытында шет тілінде ОӘК дайындау; Қазақстан жағдайында шетелдік ОӘК-ні бейімдеу. Көптілді білім берудің оқу-ұйымдастырылуын қамтамасыз ету үшін көптілді білім беру мәселелерін практикалық іске асыруды ғылыми қолдау мақсатында ғылыми-зерттеу Орталығын құру, экспериментальды тәртіпте түрлі үлгідегі мектептерде үш тілде білім беруді енгізу, сондай-ақ, көптілді білім беру ортасын құру мақсатында оларды материалды-техникалық жабдықтау, эксперимент нәтижесін тарату және көптілді білім беруді ауқымды енгізу бойынша ұсынымдамалар шығару.

Қазақстан Республикасының білім берудің жаңа парадигмалары аясында көптілді білім беру идеясын іске асыру тактикасы мен стратегияларын әзірлеу Тұжырымдама мақсаты болып табылады. Көптілді білім беру Тұжырымдама міндеттері:

- тілдердің үш тұғырлылығы идеясын іске асыру үшін білім беру жүйесінің заманауи мүмкіндігі жағдайына талдау;

- көптілді білім беруді дамытудың басым бағыттарын анықтау.

Тұжырымдаманың жоғарыда берілген мақсаты мен міндеттері талдап тексеріледі және контексте төрт бағыт бойынша нақтыланады.

Олардың біріншісінің мақсаты– көптілді білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету – көптілді білім беру саласында білім беру мекемелері іс-әрекетін регламенттеу және реттеу үшін құжаттар топтамасын әзірлеу болып табылады.

Аталған мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттерді шешу ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі және тілдерді дамыту саласында қолданыстағы мемлекеттік құжаттарға талдау жасау;

- тілдік білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің жағдайына диагностика жасау;

- тілдік білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің даму жағдайына болжам жасау.

«Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын ескере отырып, Қазақстан республикасының білім беру жүйесінде тілдерді меңгертуді реттейтін, білім беру мазмұнын қайта қарау үшін құжаттар топтамасын әзірлеу қажет, көптілді білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жорамалдайды, онда болу қажет:

- Қазақстан Республикасының көптілді білім беру Тұжырымдамасы, оның теориялық-әдіснамалық негізін анықтайды;

- Көптілді білім беруді дамыту бағдарламасы оны іске асыру кезеңдерін көрсетеді;

- Типтік регламент мемлекеттік тілде, орыс тілінде, оқыту тіліне қарамастан шет тілдерінде оқытылатын пәндер тізімін анықтайды, сонымен қатар, этникалық топтарды ана тілінде оқытуы сыртқы институционалдық артықшылықты бекітеді;

– Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты тілдік пәндерді оқытуға оқу уақытының көлемін ұлғайтуды қарастырады ;

– Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары кәсіби білім беру стандарты көптілділік жағдайында кәсіби-бағдарлы қарым-қатынасқа дайындау мақсатында тілді оқытудың уақыт шегін ұтымды анықтауды қарастырады;

– Педагогикалық мамандықтардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мұғалімдерді мамандыққа дайындау бойынша міндетті мемлекеттік тілде, орыс тілінде, шет тілдерінде оқытуды қарастырады (МЖМС осындай нұсқа жобалайды типтік оқу пән жоспарлары тізіміне шет тілін оқытумен бірге жалпы міндетті пәндерді қосу «Арнайы мақсатқа арналған шет тілі», «Шет тіліндегі пәнді оқыту әдістемесі»).

Қажетсіз фрагменттікті болдырмау үшін және аяқтап бітіру жүйесіздігін жібермеу үшін тез арада белгілеу, нормативті бекіту, құжатқа сай безендіру көп тілді білім беруді дамытудың басымдық берілетін бағыттарын дамыту қажеттігі туды. Одан кейін заманауи педагогикалық менеджменттің ережесіне сәйкес талданған Тұжырымдаманы құрастыру ойға келді.

Екінші бағыттың мақсаты теориялық-әдіснамалық көптілді білім берудің негізін әзірлеуді анықтау. Осыған байланысты келесі міндеттер қойылған :

– көптілді білім берумен байланысты ғылыми жағдайын анықтау;

– көптілді білім берудің дамуы мен қалыптасуының теориялық алғышарттарын шығару.

Мақсатты бұлай қою, ең алдымен, көптілді білім берудің мәнін ашумен байланысты және оның теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасы, педагогикалық идеясы оның әрі қарай дамуына жеткіліксіз. Аталған педагогикалық құбылыстың күрделілігін, оның динамикалық және теңсіздігін түсінген соң, педагогикалық ғылымның инновациялық жетістігін ескере отырып, теориялық базасын жаңарту мен өсіру арқылы әдіснамалық мониторингті үздіксіз жүзеге асырудың қажеттігін түсіндік.

Көптілді білім беру мәселесі көпаспектілі және көпқырлы болғандықтан, түрлі ғылыми мектептегі ғалымдардың назарын бір нүктеге тоғыстыру керек болды.

Этнолингвистика саласындағы зерттеу көптілді білім беруді дамытудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Тілді дамыту мен қолдану , білім беру практикасындағы тиімді әсерін жазу, теориялық-әдіснамалық ережелер этноәлеуметтік, этнопсихологиялық, этнопедагогика, этномәдениет, этнополитологияға сәйкес пәндік ғылыми негізделген ұсынымдамалар әзірлеу керек .

Этнолингводидактика саласындағы зерттеулер мақсатты түрде көптілді білім беруді қамтамасыз етудегі теориялық-әдіснамалық әзірлемелер бағытындағы негізгі бағыттарының бірі. Тілге қатысты түйіндескен мәселелерді ғылыми болжам және теориялық есептеуді, эксперименттік тексеруді тыс қалдырмай толық ғылыми- зерттеуі жеткілікті жиынтық қорымен зерделеу қажет .

Көптілді білім беру теориясы және әдістемесі ғылыми-педагогикалық логикалық циклды ескере әзірлену қажет: жалпы педагогикалық заңдылықтар мен заңдарды шығару , теориялық тәсілдер мен қағидаттар, шартталған көптілді білім берудің педагогикалық жағдайларын ұйымдастыру. Бұл мақсат пен міндетті құрастыруға, мазмұнын іріктеуді негіздеуге сонымен қатар, әдісті, форманы, көптілді білім беру құралдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Бірінші сұрақтан-ақ қалыптасудың теориялық алғышартын және көптілді білім беруді дамытуды ойлау керек, сондай жағдайда тілдік білім берудің практикасы мен теориясы тілдік жеке тұлға тұжырымы негізделеді, өзге тілді білім берудің теориясы мен практикасы – екінші тілдік жеке тұлға тұжырымын негіздейді, этномәдени білім беру - көпмәдениетті жеке тұлғамен арақатынас ортатады. Осы логикаға орай көп тілді білім беру теориясы мен әдіснамасы әзірленуін жобалайды, біздің зерттеуіміздің барысында дәлелденгендей , көптілді жеке тұлға санатын зерделеуде , Қазақстан республикасында тілдік білім беру орыс және шет тілдері, мемлекеттік (қазақ тілі) және шет тілдері, мемлекеттік (қазақ тілі) және орыс тілдері, ана тілі және мемлекеттік (қазақ тілі) баланысы бағытында болу қажет.

Практикалық іске асырудың негізгі механизмі «қосарлы білім алу» қағидатына негізделген: тілдік пәндерді өзі меңгеру арқылы тілдік білім беру және жекелеген, математикалық және жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту, әлеуметтік гуманитарлық пәндерді – түпнұсқа тілде оқыту .

Аталған негіздеме ешқашан дәлелденбеген қағида болып қалмайды, көптілді білім берудің педагогикалық тезаурусы болып қалады деп авторлар болжайды, басқа ғылыми салалардағы теориялық әзірлемелер дамуымен сәйкес жетілдірілуі тиіс және толықтырылады. Сондықтан даму бағыты көптілді білім беруді теориялық-әдіснамалық қамтамасыз ету педагогикалық тезаурусының әзірлемесі болып табылады , терминологиялық еркіндікке жол бермейтін және негізгі түсініктері мен оның категорияларына екі ұшты түсінік беру мүмкіндігін жоятын, сонымен қатар, көптілді білім берудің педагогикалық мониторингін, оның сапасын бірыңғай бақылау-бағалау механизмі көрсетеді.

Көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық тұжырымдамасының бұл бөлігі біздің диссертациямыздың екінші тарауы мазмұнымен сәйкес келеді.

Үшінші бөліктің мақсаты көптілді білім беруді дамыту жүйсін ғылыми-әдістемелік жағынан қолдайды және негізгі қалыптастыру бағыттарын анықтайды , міндеттер болжанады:

– көптілді білім беру жүйесі үшін педагог кадрларды дайындау жолдарын қарастыру;

– көптілді білім беруді оқы-әдістемелік кешендері типтерін анықтау (ОӘК).

көптілді білім беру ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етумен байланысты, ең бірінші оқыту іс-әрекетімен, сондықтан оның негізгі бағыттарын дамыту болып табылады:

– көптілді білім беруді іске асыру үшін педагог кадрларды дайындау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;

– оқу-әдістемелік құралдарды, оқу бағдарламаларды әзірлеу және жетілдіру, тілдерді оқытудың кешенді сұрақтарын қамтитын (мемлекеттік, орыс, шетжәне ана тілін), сонымен қатар кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқыту.

Көптілді білім берудің құрылымдық бірлігі ретіндегі ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылатын оқу-әдістемелік кешені (ОӘК): оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары, хрестоматиялар, көптілді терминологиялық сөздіктер, басқа сөздіктер, тілдік пәндер бойынша жұмыс дәптерлері, сонымен қатар, мультимедиялық ресурстардан тұрады (тілдік орталықтар, Интернет желісі, спутниктік телевидение, электронды кітапханалар және т.б.).

Аталған дидактикалық материалдарға талдау жасау үш еуропалық тілдер бойынша мол материалдардың бар екенін белгілейді (ағылшын, неміс, француз), орыс тілі бойынша ана тіліндей және ана тіліндей емес, қазақ тілі ана тіліндей, қазақ тілі бойынша және мемлекеттік тіл ретінде ОӘК аз берілген. Тілдік емес пәндер және шет тілінде оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдар мүлдем жоққа тән.

Сондықтан көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету болжайды:

– пәндік ОӘК-ні оқыту тілінде жетілдіру (мектептің бастауыш білім сатысы);

– қазақ тілі бойынша кезеңдік ОӘК кезеңмен пайдалану және әзірлеу, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, Қазақстан географиясы – мемлекеттік тілде; орыс тілі мен орыс әдебиеті- орыс тілінде; Дүниежүзі тарихы бойынша, математикалық және жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша – шет тілінде, артықшылық ағылшын тіліне және т.б. беріледі. (мектептің орта, жоғары сатысы);

– Қазақстан жағдайында шетелдік ОӘК-ні ағылшын тілінде бейімдеу (барлық білім беру деңгейінде және барлық типті білім беру ұйымдары үшін);

– «Арнайы мақсатқа арналған қазақ тілі», «Арнайы мақсатқа арналған орыс тілі» «Арнайы мақсатқа арналған шет тілі» пәндері бойынша ОӘК қолдану және әзірлеу (орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беру);

– «Шет тілінде оқыту әдістемесі /пән/» пәні педагогикалық мамандықтар бойынша ОӘК қолдану және әзірлеу (орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беру);

– көптілді білім беру педагогикалық мониторингін әзірлеу, бірыңғай бақылау-бағалау механизмі арқылы сапасын көрсету;

– орыс тілін деңгейлік оқыту моделін әзірлеу;

– ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;

– мұғалімдер/оқытушыларды қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша екінші мамандыққа қайта даярлау;

– көптілді білім беру жүйесіне арналған педагог кадрларды дайындау.

Көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсаты мен міндетін негіздеп қоюмен анықталады, субъектілердің іс-әрекетін аталған процестің авторлары инновациялық-дидактика ретінде қарастырады. Зерделенген Тұжырымдама мәні көптілді білім беру аспектісі бойынша болашағы бар даму бағыты болжанады және ұсынылған шешімге сәйкес келеді. Көптілді білім беру идеясын іске асыруды ұйымдастырудың формалары мен оқу базаларын анықтау бағытындағы мақсаты болып табылады. Оның міндеттері:

– Заманауи білім беру жүйесінде көптілді білім беруді іске асырудың мүмкіндік әлеуетін бағалау ;

Көптілді білім беруді қйымдастыру формаларын дамытуды жобалау.

Тұжырымдаманың мақсатқоюшылық аспектісінен басқа оны іске асырудың негізгі кезеңдері анықталды: дайындық кезеңі (2008-2012 жж.), негізгі кезең (2012 жылдан бастап).

Жалпы бұл Тұжырымдама Қазақстан республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын іс жүзіне асыруға негіз болады. Тұжырымдама көпшілік талқылауының барлық кезеңдері мен алқалық келісімінен өткенін оның дәлелдігі мен анықтығымен дәлелденеді: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесі 13.03.08ж хаттама №17 қосымша Білім және ғылым министрлігі мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті өткізген "Жоғары мектеп жүйесіндегі көптілді білім беру": мәселелері мен перспективалары атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция¹¹.

2014 жылы көптілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасы негізінде екі құжат дайындалды. Олар мемлекетте көптілді білім беруді дамыту үшін үлкен практикалық маңызы зор, дәл осылай:

– мектептерде көптілді білім беруді ұйымдастыру Ережесі (қосымша А);

– жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді ұйымдастыру Ережесі (Қосымша Б).

Сонымен қатар, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде 2008-2012, 2012-2016 жылдар аралығында көптілді білім беруді енгізу бағдарламасы әзірленді (Қосымша В).

Сонымен, заманауи педагогикалық менеджменттің негізгі заңдылығына ілесе отырып және педагогикалық қызметтен көптілді білім беруді іріктеу арқылы көптілді білім беруді іс жүзіне асыруға нормативті-құқықтық база құрылды, оның ұйымдастыруы мен енгізуін реттейтін құжаттар жиынтығы әзірленді.

3.2 2009-2015 жылдар аралығындағы үштілді білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жобалары

2009-2015 жылдар аралығында үштілді білім беру саласындағы ғылыми-

¹¹ Концепция развития полиязычного образования / Кубеев Е.К., Шкутина Л.А., Жетписбаева Б.А., Сырымбетова Л.С., Жанкина Б.Ж. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2008.

зерттеу жобалары 9 жоғары оқу орнында және 3 ғылыми-зерттеу институтында орындалды (3.1-кесте).

3.1-кесте – үштілді білім беру саласында ҒЗЖ орындаған ЖОО және ҒЗИ туралы мәліметтер

№	Білім беру ұйымының атауы	№	Жобаның атауы
1	2	3	4
1.	Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	1.	«Мектеп-ЖОО» жүйесінде көптілді білім беру сабақтастығын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету
		2.	Шетел тілдерін ерте астан оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету
		3.	Көптілді білім беру жағдайында инженер кадрлардың үздіксіз тілдік дайындығын ғылыми-әдістемелік қолдау (колледж-жоо)
2.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті	4.	Қазақстан Республикасы жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде шетел тілдерін оқытудың инновациялық тәсілдері
		5.	№ 82-422-16 тау-кен-металлургия мамандықтарының бейіні бойынша шетел тілдерін кәсіптік бағдарлы оқытудың ғылыми-теориялық және ресурстық практикалық базасын дайындау
3.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті	6.	Қазақтың топонимикалық жүйесі мен әлем бейнесі өзге тілді орта жағдайындағы орталықазиялық өңірі материалында (тарихи-лингвистикалық, мәдениеттанушылық, өлкетанушылық көріністері)
		7.	Көптілді білім беру жағдайында агроөнеркәсіп мамандықтары студенттерінің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту
		8.	Көптілділік жағдайында студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту үшін NBIC- конвергенцияның жаңа бағыты негізінде электрондық оқулық дайындау
		9.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі антропонимдердің ұлттық мәдени көрінісі
		10.	Ұлттық тілде оқытатын мектепте көптілділікті оқытудың бейімделген моделін дайындау және іске асыру
4.	«Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	11.	Оқыту телевизиясының контенті ҚР жоғары мектебінде көптілді білім беруді жүзеге асыру құралы ретінде
5.	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті	12.	Филологиялық білім беру мазмұнын жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері көпмәдениетті тұлға қалыптастыру шарты ретінде

3.1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
6.	«Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты» ШЖҚ РМК	13.	Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептер үшін ағылшын тілінде биология бойынша электрондық оқулықтарды дайындау
7.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Тілдер дайындығының орталығы	14.	Орыс тілі сабақтарында көптілді студент тұлғасының коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру
8.	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті	15.	«Шығыс Қазақстан облысының туристік орындарына лингвистикалық елтанушылық саяхат» кешенін дайындау
9.	Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті	16.	Көптілділік – жоғары мектеп жүйесіндегі заманауи білім беру басымдықтарының бірі
1	«Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС	17.	4507/ГФ4 «Ежелгі қазақ күнтізбе жүйесінің лингвистикалық мәдениеттанушылық негіздері»
18.		1649/ГФ4 «Қазіргі қазақ тіліндегі тәуелсіздік кезеңінің лексикалық инновациялары»	
19.		4466/ГФ4 «Іс қағаздарын қазақша жүргізудің стандартты үлгілерін және терминологиялық аппаратын қалыптастырудың нормативтік лингвистикалық негіздері»	
20.		5479/ГФ4 «Ана тілін меңгеру модельдері (бала сөзінің материалында)»	
21.		1647/ГФ4 «Латиницаға көшудегі қазақтың тілдік жүйесін жетілдірудің негізгі ережелері: түркі тілдес елдердің ұлттық қағидасы және тәжірибесі»	
22.		2534/ГФ4 «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің бейнелерін біріздендіру»	
2	ҚР БҒМ Ғылым комитеті «А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты» РМҚК	23.	Білім беру саласындағы тілдердің үштұғырлығы тұжырымдамасының ғылыми негіздері мен жобасы
3	«ҚР БҒМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК	24.	Орта және жоғары білім беру жүйесінде көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету негіздері

1-кестеде көрсетілгендер ұйымдармен 24 ғылыми жоба, олардың 16-ы 055 «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет», 101 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бюджеттік бағдарламалар, 156 ерекшелік «Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерге ақы төлеу» шеңберінде, 1 жоба – Тұңғыш Президент – Ұлт Көшбасшысының Қоры шеңберінде, 7 ҒЗЖ – бастамашыл жоба орындалды (3.2-кесте).

3.2-кесте – Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру түрі

№	Жобаның атауы	Қаржыландыру түрі		
		БЖ 055	басқа түрі	бастамашыл жоба
1	2	3	4	5
1.	«Мектеп-ЖОО» жүйесінде көптілді білім беру сабақтастығын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	1		
2.	Шетел тілдерін ерте астан оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	1		
3.	Көптілді білім беру жағдайында инженер кадрлардың үздіксіз тілдік дайындығын ғылыми-әдістемелік қолдау (колледж-ЖОО)	1		
4.	Қазақстан Республикасы жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде шетел тілдерін оқытудың инновациялық тәсілдері			1
5.	№ 82-422-16 Тау-кен-металлургия мамандықтарының бейіні бойынша шетел тілдерін кәсіптік бағдарлы оқытудың ғылыми-теориялық және ресурстық практикалық базасын дайындау	1		
6.	Қазақтың топонимикалық жүйесі мен әлем бейнесі өзге тілді орта жағдайындағы орталықазиялық өңірі материалында (тарихи-лингвистикалық, мәдениеттанушылық, өлкетанушылық көріністері)	1		
7.	Көптілді білім беру жағдайында агроөнеркәсіп мамандықтары студенттерінің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту			1
8.	Көптілділік жағдайында студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту үшін NBIC- конвергенцияның жаңа бағыты негізінде электрондық оқулық дайындау			1
9.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі антропонимдердің ұлттық мәдени көрінісі			1
10.	Оқыту телевизиясының контенті ҚР жоғары мектебінде көптілді білім беруді жүзеге асыру құралы ретінде	1		
11.	Филологиялық білім беру мазмұнын жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері көпмәдениетті тұлға қалыптастыру шарты ретінде	1		
12.	Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептер үшін ағылшын тілінде биология бойынша электрондық оқулықтар дайындау			1
13.	Орыс тілі сабақтарында көптілді студент тұлғасының коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру			1
14.	«Шығыс Қазақстан облысының туристік орындарына лингвистикалық елтанушылық саяхат» кешенін дайындау	1		

3.2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
15.	Ұлттық тілде оқытатын мектепте көптілділікті оқытудың бейімделген моделін дайындау және іске асыру			1
16.	Көптілділік – жоғары мектеп жүйесінде заманауи білім беру басымдықтарының бірі	1		
17.	4507/ГФ4 «Ежелгі қазақ күнтізбе жүйесінің лингвистикалық мәдениеттанушылық негіздері»	1		
18.	1649/ГФ4 «Қазіргі қазақ тіліндегі тәуелсіздік кезеңінің лексикалық инновациялары»	1		
19.	4466/ГФ4 «Іс қағаздарын қазақша жүргізудің стандартты үлгілерін және терминологиялық аппаратын қалыптастырудың нормативтік лингвистикалық негіздері»	1		
20.	5479/ГФ4 «Ана тілін меңгеру модельдері (бала сөзінің материалында)»	1		
21.	1647/ГФ4 «Латиницаға көшудегі қазақтың тілдік жүйесін жетілдірудің негізгі ережелері: түркі тілдес елдердің ұлттық қағидасы және тәжірибесі»	1		
22.	2534/ГФ4 «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің бейнелерін біріздендіру»	1		
23.	Білім беру саласындағы тілдердің үштұғырлығы тұжырымдамасының ғылыми негіздері мен жобасы		1	
24.	Орта және жоғары білім беру жүйесінде көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету негіздері	1		
	Барлығы	16	1	7

Қаржыландырудың екі түрі бойынша іске асырудың барлық кезеңі үшін жобалардың жалпы құны 140 814 585 теңгені құрады (3.3-кесте).

3.3-кесте – ҒЗЖ қаржыландыру түрлері туралы мәліметтер

Жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (іске асырылатын барлық жылдар үшін жалпы сомасы теңгемен)	Іске асырылатын жылдар
1	2	3
1. «Мектеп-ЖОО» жүйесінде көптілді білім беру сабақтастығын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	6000000	2012-2014
2. Шетел тілдерін ерте астан оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	9153300	2015-2016
3. Көптілді білім беру жағдайында инженер кадрлардың үздіксіз тілдік дайындығын ғылыми-әдістемелік қолдау (колледж-ЖОО)	6932844	2015-2016

3.3-кестенің жалғасы

1	2	3
4. № 82-422-16 Тау-кен-металлургия мамандықтарының бейіні бойынша шетел тілдерін кәсіптік бағдарлы оқытудың ғылыми-теориялық және ресурстық практикалық базасын дайындау	1372995	2015-2017
5. Қазақтың топонимикалық жүйесі мен әлем бейнесі өзге тілді орта жағдайындағы орталықазиялық өңірі материалында (тарихи-лингвистикалық, мәдениеттанушылық, өлкетанушылық көріністері)	6000000	2012-2014
6. Оқыту телевизиясының контенті ҚР жоғары мектебінде көптілді білім беруді жүзеге асыру құралы ретінде	11000000	2012-2014
7. Филологиялық білім беру мазмұнын жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері көпмәдениетті тұлға қалыптастыру шарты ретінде	36000000	2012-2014
8. «Шығыс Қазақстан облысының туристік орындарына лингвистикалық елтанушылық саяхат» кешенін дайындау	5491980	2015-2017
9. Көптілділік – жоғары мектеп жүйесінде заманауи білім беру басымдықтарының бірі	4200000	2015-2017
10. 4507/ГФ4 «Ежелгі қазақ күнтізбе жүйесінің лингвистикалық мәдениеттанушылық негіздері»	3379135	2015-2017
11. 1649/ГФ4 «Қазіргі қазақ тіліндегі тәуелсіздік кезеңінің лексикалық инновациялары»	2893340	2015-2017
12. 4466/ГФ4 «Іс қағаздарын қазақша жүргізудің стандартты үлгілерін және терминологиялық аппаратын қалыптастырудың нормативтік лингвистикалық негіздері»	2978543	2015-2017
13. 5479/ГФ4 «Ана тілін меңгеру модельдері (бала сөзінің материалында)»	2421522	2015-2017
14. 1647/ГФ4 «Латиницаға көшудегі қазақтың тілдік жүйесін жетілдірудің негізгі ережелері: түркі тілдес елдердің ұлттық қағидасы және тәжірибесі»	3574362	2015-2017
15. 2534/ГФ4 «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің бейнелерін біріздендіру»	3016972	2015-2017
16. Білім беру саласындағы тілдердің үштұғырлығы тұжырымдамасының ғылыми негіздері мен жобасы	899592	маусым-қазан 2011 ж.
17. Орта және жоғары білім беру жүйесінде көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету негіздері	35500000	2012-2014
Барлығы:	140814585	

24 жобаның ғылыми жетекшілері арасында 9 ғылым докторы (олардың 3 – педагогика ғылымдарының және 6 – филология ғылымдарының докторы), 10 ғылым кандидаты (олардың 3 – педагогика ғылымдарының және 7 – филология ғылымдарының кандидаты), 9 профессор және 6 доцент (оның ішінде 1 – қауымдастырылған профессор) бар (3.4-кесте).

3.4-кесте – ҒЗЖ ғылыми жетекшілері туралы мәліметтер

Ф.А.Т.	Ғылыми дәрежесі	Ғылыми атағы
1	2	3
Алметов Негматжан Шадиметұлы	педагогика ғылымдарының докторы	доцент
Булатбаева Кулжамал Нұрымжанқызы	педагогика ғылымдарының докторы	
Жетпісбаева Бахытгүл Асылбекқызы	педагогика ғылымдарының докторы	профессор
Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлы	филология ғылымдарының докторы	профессор
Жумагулова Валентина Ивановна	филология ғылымдарының докторы	профессор
Исмағұлова Баян Хамзаққызы	филология ғылымдарының докторы	профессор
Калдаяков К.К.	филология ғылымдарының докторы	
Мыңбаев Нұрлан Жақыпұлы	филология ғылымдарының докторы	
Темиргазина Зифа Какбаевна	филология ғылымдарының докторы	
Тілеубердиев Болатбек Мақұлбекұлы	филология ғылымдарының докторы	профессор
Баркибаева Рымгүл Раштайқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты	доцент
Нурсейтова Әлия Қасымжановна	педагогика ғылымдарының кандидаты	доцент
Сәрсембаева Арайлы Әлібекқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты	қауымдастырылған профессор
Әбутәліп Орынғазы Мұратұлы	филология ғылымдарының кандидаты	доцент
Исмаилова Ғайнигүл Қабидуллақызы	филология ғылымдарының кандидаты	доцент

3.3-кестенің жалғасы

1	2	3
Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы	филология ғылымдарының кандидаты	доцент
Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы	филология ғылымдарының кандидаты	
Оспанова Баянды Рамазанқызы	филология ғылымдарының кандидаты	
Сейтжанов Зуфар Нурсапович	филология ғылымдарының кандидаты	профессор
Фазылжанова Анар Мұратқызы	филология ғылымдарының кандидаты	

Төменде мониторингтің сегізінші, тоғызыншы және оныншы бөлімдері бойынша ақпарат үштілді білім беру проблемасына тікелей қатысы бар ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаған ұйымдар бойынша баяндалған.

1. Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті¹²

Осы университеттің базасында екі жоба орындалды, екі жұмыстың да ғылыми жетекшісі Сәрсембаева Арайлы Әлібекқызы:

1.1 «Қазақстан Республикасы жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде шетел тілдерін оқытудың инновациялық тәсілдері»;

1.2 «№ 82-422-16 Тау-кен-металлургия мамандықтарының бейіні бойынша шетел тілдерін кәсіптік бағдарлы оқытудың ғылыми-теориялық және ресурстық практикалық базасын дайындау».

1.1 жобасы бойынша 3 оқулық/оқу құралы және 3 ғылыми-әдістемелік құрал **жарық көрді:**

1. Горбань Е.Е. Сборник тестовых заданий по иностранному языку для поступающих в магистратуру и докторантуру (программа для ЭВМ) ВКГТУ.- Усть-Каменогорск, 2013.-345 с. (ЭУП);

2. Ерохина Л.Н. "Five Countries and Styles" (программа для ЭВМ) ВКГТУ.- Усть-Каменогорск, 2014.-300 с. (ЭУП);

3. Токтарғалиева К.М. English e-Reader для студентов очной формы обучения с применением ДОТ (Электронный курс)

4. Токтарғалиева К.М. THE REPUBLIK OF KAZAKHSTAN для студентов очной формы обучения с применением ДОТ (Электронный курс).

1. Ерохина Л.Н. Становление высшего образования в США. Монография. Усть-Каменогорск, ВКГТУ, 2011.-300с. ISBN 978-601-208-225-8;

¹² Алынған ақпаратқа жауаптының ТАӘ – Сәрсембаева Арайлы Алибековна

2. Ерохина Л.Н. Практикум по информативному переводу. Монография. Усть-Каменогорск, ВКГТУ, 2011.-318с. ISBN 978-601-208-22418;

3. Ерохина Л.Н. Palette of Five Countries and Styles Монография. Усть-Каменогорск, ВКГТУ, 2011.-267с. ISBN 978-601-208-220-3.

1.1 жобасы бойынша алынған нәтижелердің **жаңалығы** мынада:

– тұңғыш рет шетел тілдерін оқыту жүйесінде инновациялық тәсілдер, технологиялар, әдістер мен амалдарды енгізу және қолданудың педагогикалық шарттары анықталды;

– «Тұлғалық бағдарлық тәсіл негізінде техникалық ЖОО-да шетел тілі бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру моделі» дайындалды;

– ШТ оқытудың инновациялық тәсілдері негізінде әдістемелік нұсқаулар, жұмыс оқу бағдарламалары, силлабустар, электрондық оқулықтар, қашықтықтан оқыту курстары дайындалды.

Жұмыс авторлары осы нәтижелерді тілдік емес жоғары оқу орындарында ағылшын тілін деңгейлеп меңгеру үшін қолдануды **ұсынады** (тұтынушының тұрмыстық, білім беру, ғылыми инновациялық деңгейлердегі дәрежесі, себебі бұл академиялық ұтқырлықты арттыру, ЖОО ғылыми әлеуетін көтеру, жоғары кәсіби білім беру жүйесінде мультитілдік орта құру үшін өте тиімді деп саналады).

1.2 жобасы бойынша 1 монография, практикалық сабақтарға арналған 5 әдістемелік нұсқаулық және 2 нормативтік құжат **жарық көрді:**

1. Сарсембаева А.А. Личностно-ориентированный подход в организации самостоятельной работы: обучение иностранным языкам в техническом вузе. Монография LAP Lambert Academic Publishing. Saarbruecken. Deutschland (ISBN 978-3-659-88283-8).

2. Модульные учебные программы по дисциплинам: «Профессионально-ориентированный иностранный язык (английский) язык – 4»;

3. Дистанционный курс «Профессионально-ориентированный иностранный (английский) язык» для специальности «Горное дело» https://www.do.ektu.kz/Protected/SDO/|Course/Details.aspx?CourseToTermDistributionsID_-12628

1.2 жобасы бойынша алынған нәтижелердің **жаңалығы** мынада:

– Тілдік емес мамандықтардың студенттерін шетел тіліне кәсіптік бағдарлық оқытудың әдіснамалық базасы жасалды;

– «Тілдік емес мамандықтардың студенттерін шетел тіліне кәсіптік бағдарлық оқыту моделі» дайындалды және оқу процесіне енгізілуде. Дайындалған модель мақсаттық (тілдік емес ЖОО-да шетел тілін оқыту мақсаттары мен міндеттері), мотивациялық (ШТКБ оқытудағы түрткілер және мотивация), мазмұндық (оқу материалы), процессуалдық (оқыту әдістері, формалары мен құралдары) блогынан тұрады;

– Әдістемелік нұсқаулықтар, модульдік оқу бағдарламалары, силлабустар, «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша «Кәсіптік бағдарлық шетел (ағылшын) тілі» қашықтықтан оқыту курсы дайындалды. Курс ШТ оқытудың инновациялық тәсілдері негізінде қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша әзірленді және

дәрістер, таныстырулар, бейнематериалдар, өзіндік жұмысқа арналған тестік және практикалық тапсырмалар, аралық және қорытынды қайталаудан тұрады.

2.2 жобасы бойынша көрсетілген нәтижелерді тілдік емес жоғары оқу орындарында келесі мақсаттарда қолдану *ұсынылады*

– ҚР ЖОО-да тілдерді оқыту мен зерделеудің бар тәжірибесіне салыстырмалы талдама жүргізу;

– тілдік емес мамандықтардың студенттерін шетел тіліне кәсіптік бағдарлық оқытудың бірыңғай әдіснамалық базасын құру;

– тілдік емес мамандықтардың студенттерін шетел тіліне кәсіптік бағдарлық оқыту моделін жасау;

– шетел тілдерін оқытудың әлемдік тәжірибесін енгізу.

Авторлардың пайымынша, академиялық ұтқырлықты арттыру, ЖОО-ның ғылыми әлеуетін көтеру, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің мультитілдік саласын құру қажеттілігі осындай ұсыныс жасауға негіз болады.

2. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті¹³

Аталған университет базасында Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлының жетекшілігімен «Шығыс Қазақстан облысының туристік орындарына лингвистикалық елтанушылық саяхат» кешенін дайындау» атты бір жоба орындалды

Осы жоба бойынша әдістемелік ұсыныстар мен сөздіктен тұратын «Шығыс Қазақстан облысының туристік орындарына лингвистикалық елтанушылық саяхат» оқу-әдістемелік кешені дайындалды және *жарық көрді*.

Бұл нәтиже С.Аманжолов атындағы ШҚМУ көлемінде *енгізілді*.

Алынған нәтижелердің **жаңалығы** төмендегілермен байланысты:

– жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде зерттелетін проблемалар шеңберімен қандай да бір байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері талданды;

– шет елдердің мысалында өңірді дамытудың айқын сипаты және бейнелік саясатты іске асыру ерекшеліктері анықталды;

– туризм саласын дамытудың шетелдік моделі талданды, бейнелік өнімдерді жасау ерекшеліктері ашылды;

– лингвистикалық елтанулық лексикография теориясы зерделенді;

– лингвистикалық елтанулық лексикографияның негізгі қағидалары анықталды;

– лингвистикалық елтанулық лексиканы лингвистикалық мәдениеттанулық зерделеудің отандық тәжірибесі жинақталды;

– этномәдени таңбаланған лингвистикалық елтанулық лексикалық бірліктер анықталды және талданды;

¹³ Алынған ақпаратқа жауаптының ТАӘ – Ердембеков Бауржан Амангельдыевич
Растайтын уәкілетті тұлғаның ТАӘ – Кувандықов Алибек Усербаевич

– лексикографиялық дереккөздерінде лингвистикалық елтанулық лексикалық бірліктерді лингвистикалық мәдениеттанулық қайта таныстыру тәсілдері анықталды;

– лингвистикалық елтанулық сөздік құрастырудың тұжырымдамасы дайындалды;

– туристік мәтіндердің (сөздік мақалалардың) құрылымы мен мазмұны анықталды;

– ШҚО географиялық атауларының және географиялық терминдерінің қысқаша топонимикалық сөздігі құрастырылды;

– үштілді білім беруді енгізу мақсатында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне аударуға арналған мәтіндік материал дайындалған.

Жобаны орындаушылардың пікірінше, бұл нәтижелер ЖОО, колледждер, мектептердегі оқу процесінде, сондай-ақ туристік салада келесі мақсаттарда **қолданылуы мүмкін:**

– ШҚО бойынша туристер үшін ақпараттық өнімдер – экспресс-гид кешенін жасау;

– ШҚО туристік әлеуеті туралы ақпаратты өзектендіру;

– дұрыс (позитивті) бейне қалыптастыру;

– саланың PR-саясатын сауатты жүргізуге ықпал ету;

– туризм нарығында облыстың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және өңірде туризм легін өсіру.

ҒЗЖ авторларының пікірінше, мұндай ұсынымдарға негіз болу үшін:

– туристік, бейнелік, лингвистикалық елтанулық жобалар дайындаудың теориялық әдіснамалық негіздерін зерттеу;

– үштілді білім беруді енгізу мақсатында мәтіндік материалды қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне аударуды жүзеге асыру;

– әлемдік туризм бизнесінде ұқсас өнімдер жасау тәжірибесін зерделеу және жалпылау,

– кешен жасаудың әдіснамалық және технологиялық ұстанымдарын анықтау;

– кешенге қосу үшін ШҚО-дағы негізгі туристік орындарды анықтау;

– материал жинау үшін белгіленген орынға мамандардың экспедициясын ұйымдастыру;

– кешеннің ақпараттық негізі ретінде мәтіндік материалдарды іріктеу және дидактикалық ұйымдастыру қажет.

3. Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті¹⁴

Бұл университет базасында үштілді білім беру саласында Исмаилова Гайнигүл Қабидуллақызының жетекшілігімен «Көптілділік – жоғары мектеп жүйесіндегі заманауи білім беру басымдықтарының бірі» атты бір жұмыс орындалды.

¹⁴ Алынған ақпаратқа жауаптының ТАӘ – Исмаилова Гайнигүл Кабидуллиновна
Растайтын уәкілетті тұлғаның ТАӘ – Кадырова А.К.

Зерттеу нәтижелері 11 ғылыми мақалада, оның ішінде 1 мақала – нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық басылымда, 3 мақала – РИНЦ импакт-факторы бар, 6 мақала – ҚР БҒМ Ғылым комитеті ұсынған басылымдарда, 1 мақала – республикалық ғылыми-практикалық конференция жинағында; 2 оқу құралы, 2 оқу-әдістемелік құрал, 1 монография; 6 ОӘК *жарық көрді*, атап айтсақ:

- «Казахстан. Восточный Казахстан. Семей» оқу құралы;
- күндізгі бөлім студенттеріне арналған оқу құралы «Полиязычный подход в изучении дисциплины «Введение в языкознание»;
- көптілді топтардың студенттеріне арналған оқу-әдістемелік кешен «Формирование сельскохозяйственного тезауруса для студентов аграрных специальностей»;
- «Формирование технического тезауруса для студентов технических специальностей» оқу-әдістемелік кешені;
- «Современные подходы в образовании (на английском языке) для студентов педагогических специальностей» оқу-әдістемелік кешені;
- «Профессионально-ориентированный иностранный язык (уровень С1)» оқу-әдістемелік кешені;
- «Полиязычное образование в системе высшей школы» монографиясы.

Барлық нәтижелер «Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті» базасына *енгізілген*.

Зерттеу нәтижелерінің *жаңалығы* семантикалық-қызметтік тілдік жүйе белгілі бір тақырыптық минимум шеңберінде алғаш рет үш тілде бірдей қарым-қатынас жасау білігі түсіндірілетін, көптілді құзыреттілік қалыптастыру бірлігі ретінде көрсетілуінде. Зерттеудің ғылыми-техникалық деңгейі тілдік білім беру, лингвистикалық дидактика, менеджмент саласындағы ғылыми әзірлемелердің және әлеуметтану, педагогикадағы мониторинг жүйелерінің жиынтығымен келісілген.

Мысалы, «Полиязычное образование в системе высшей школы» монографиясында респонденттердің пікірлері, сауалнамалары, статистикалық деректерді өңдеу және талдау, тестілеу, Шәкәрім атындағы МУ және Қазақстандағы ЖОО көптілді білім беру жағдайы мен одан әрі дамытуына мониторинг жүргізілді.

«Methods of experimental work in agronomy» оқу құралында зерттеуді жоспарлаудың қазіргі әдістері қысқаша сипатталған, тәжірибе жасаудың негіздері және тәжірибе телімдеріндегі агротехниканың ерекшеліктері қарастырылған, есеп пен бақылаудың сәйкестендірілген әдістемесі келтірілген. Құрал жоғары оқу орындарындағы агрономия және биология мамандықтары бойынша білім алушыларға арналған және оқу процесінде қолданылады.

Ағылшын тілінде жазылған «Regional Economy/ manual» оқу құралында өңірдің экономикасы Қазақстан аймақтарының қазіргі мамандануы тұрғысынан қарастырылады, сондай-ақ аймақтың экономикасы біртұтас шаруашылық кешені, Қазақстан аймақтарының қазіргі мамандануы ретінде қарастыратын экономиканы аймақтандырудың жағдайы мен алмасу перспективасының

теориялық негіздері ашылады, аймақтық жүйелердің одан әрі реформалаудың стратегиялық бағыттары зерделенеді.

Студенттердің көптілді топтары үшін дайындалған оқу-әдістемелік кешендері аграрлық, жаратылыстануғылыми, инженерлік, экономикалық және педагогикалық бағыттардың топтарында оқу процесін қамтамасыз етеді.

Жоба жетекшісі аталған ғылыми зерттеудердің нәтижелері жоғары оқу орындарына жоғары мектеп жүйесі болашақ мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында *ұсынуға болады деп санайды*.

Бұл, автордың пікірінше, жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беруді одан әрі дамытуда тиімді.

4. Қазақ мемлекеттік қыздер педагогикалық университеті¹⁵

Аталған университет базасында «Филологиялық білім беру мазмұнын жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық негіздері көпмәдениетті тұлға қалыптастыру шарты ретінде» тақырыбында бір ғылыми жоба орындалды, ғылыми жетекшісі – Жумагулова Валентина Ивановна.

Зерттеу нәтижелері бойынша «Содержание филологического образования в условиях формирования поликультурной личности: методология, теория, практика» атты монография *жарық көрді*.

Нәтижелердің *жаңалығы*:

- Алғаш рет филологиялық білім беру, оның ішінде мәдениаралық білім мазмұнын құрылымдау мен қағидаларына іріктеу және талдау жүргізілді
- білім беру стандарттарын қалыптастыру жүйесіне талдау жасалды;
- ЖОО бакалавр филологтарын даярлауға арналған орыс тілі және әдебиет бойынша білім беру бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің жобалары дайындалды.

Зерттеу барысында алынған барлық қорытынды бір ЖОО –

ҚазМҚПУ масштабында енгізілді.

Авторлар зерттеу нәтижелерін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында жұмыс берушілермен, жоғары филологиялық білім беру саласы қызметкерлерімен жұмыста көптілді білім беру мен көпмәдениетті тұлға қалыптастыруды ескере отыра қолдануды ұсынады, себебі тілдердің үштұғырлығының мемлекеттік саясатын іске асыру, көптілді тұлға қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу жағдайында жоғары және жоғары оқу орнынан кейін филологиялық білім беруді одан әрі жаңарту және жетілдіру қажет.

Осыған орай, филологиялық білім беру мазмұнын жаңартудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін халықаралық талаптарға сәйкес дайындау тұтас алғанда еліміздің білім беру жүйесі мен экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

5. Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу

¹⁵ Алынған ақпаратқа жауаптының ТАӘ – Ханкишиева Э.М.
Растайтын уәкілетті тұлғаның ТАӘ – Алиев Б.А.

университеті¹⁶

Аталған университет базасында «Оқыту телевизиясының контенті ҚР жоғары мектебінде көптілді білім беруді жүзеге асыру құралы ретінде» тақырыбында бір ғылыми жоба орындалды, ғылыми жетекшісі – Баркибаева Рымгүл Раштайқызы.

Зерттеу нәтижелері бойынша екі оқулық, бір оқу құралы және бір нормативтік құжат *жарияланды*:

– арнайы курсқа арналған оқулық «Полилингвальное образование: русский язык в контексте диалога культур». – Алматы, 2013.- 201с.;

– оқулық «Триединство языков в контексте диалога культур» (на материале русского, казахского и английского языков). – Алматы, 2016 – 187 с.;

– ғылыми-әдістемелік құрал «Учебное телевидение РК: образовательный контент как фактор формирования интеллектуальной нации». – Алматы, 2016 – 164 с.;

– «Концепция создания контента учебного телевидения РК».

Зерттеу нәтижелері жоғарыда аталған оқу бейнефильмдерін эксперименттік апробациялау шеңберінде Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ, Шәкәрім атындағы СМУ, Алматы және Семей қалаларының жекелеген мектептерінің бірлескен жүйесі масштабында *енгізілген*.

Алынған нәтижелердің *жаңалығы*:

– оқыту телевизиясының контенті алғаш рет еліміздің зияткер элитасын қалыптастыру мақсатында қарастырылады;

– жасалған оқыту телевизиясы ҚР жоғары мектебінде көптілді білім беруді іске асыру құралы ретінде қарастырылады.

Жоба авторлары практикада қолдану үшін өз зерттеулерін Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің өкілдеріне жастарда патриотизм, толеранттылық сезімін тәрбиелеу, олардың зияткерлік танымын кеңейту мақсатында ұсынады, себебі:

– жастардың рухсыздығы, олардың басым көпшілігінде өз және өзге мәдениеттердің құндылықтары туралы білімдерінің таяздығы байқалады;

– контентті қазіргі талаптарға сәйкес өнімдермен толықтыру мен жаңартудың аса қажеттілігі бар.

6. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті¹⁷

Осы университет базасында Жетпісбаева Бахытгүл Асылбекқызының жетекшілігімен үш жоба орындалды, атап айтқанда:

6.1 «Мектеп-ЖОО» жүйесінде көптілді білім беру сабақтастығын ғылыми әдістемелік қамтамасыз ету»

6.2 «Шетел тілдерін ерте жастан оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету»;

¹⁶ Алынған ақпаратқа жауаптының ТАӘ – Баркибаева Рымгүл Раштаевна
Растайтын уәкілетті тұлғаның ТАӘ – Орунханов Мурат Кадесович

¹⁷ Алынған ақпаратқа жауаптының ТАӘ – Жетпісбаева Бахытгүл Асылбековна
Растайтын уәкілетті тұлғаның ТАӘ – Кубеев Е.К.

6.3 «Көптілді білім беру жағдайында инженер кадрлардың үздіксіз тілдік дайындығын ғылыми-әдістемелік қолдау (колледж-жоо)».

6.1 зерттеу нәтижелері бойынша екі әдістемелік ұсыныс *жарияланды*:

– «Организационно-педагогические условия взаимодействия субъектов непрерывного полиязычного образования» (Караганда; Изд-во КарГУ, 2013.– 80с.);

– «Комплекс научно-методических рекомендаций по реализации принципа преимущества полиязычного образования в системе «школа-вуз», включающий научно-методические рекомендации по разработке учебно-методических комплексов для полиязычного образования по формированию языковой образовательной среды, по реализации уровневой модели обучения языкам»

Зерттеу нәтижелері Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ және Н.Нұрмақов атындағы Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты масштабында *енгізілді*.

Нәтижелердің *жаңалығы* төмендегілермен анықталады:

– Қазақстанда көптілді білім беруді дамытудың негізгі стратегиялық желілері анықталды, Қазақстан мектептері мен ЖОО-да көптілді білім берудің қазіргі жағдайына сипаттама берілді;

– үздіксіз көптілді білім беруді негіздеудің теориялық алғышарттары анықталды, көптілді білім берудің педагогикалық тезаурусы негізінде түсіндірмелі аппарат дайындалды, көптілді білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығының арақатынасын орнатуға мүмкіндік беретін, бірінші түсініктің шынайылығы екінші түсініктің сенімділігімен және айқындылығымен келісілген жағдайда олардың өзара берік байланысымен анықталады; үздіксіз білім беру әрбір білім беру сатысында білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жүйенің барлық компоненттерінің (мақсаттары, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, формаларының) байланысы, келісілуі және перспективасы ретінде қабылданады, ал сабақтастық алғашқы сәттен бастап үздіксіз білім беру жүйесінің негізіне қаланған қағида болып табылады;

– үздіксіз көптілді білім берудің кіріктірілген мақсаттарын, міндеттерін, қағидаларын, мазмұнын көрсететін және нәтижелерінің деңгейлері бойынша сараланған үздіксіз көптілді білім берудің педагогикалық моделі дайындалды;

– үздіксіз көптілді білім беру субъектілерінің өзара әрекетінің ұйымдастыру-педагогикалық шарттарының мәні «мектеп-жоо» жүйесінде көптілді білім берудің сабақтастық қағидасын іске асырумен байланысты педагогикалық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған көпдеңгейлі кешендердің (білім беру жүйесінде оқытудың дидактикалық бірлігінен бастап басқару құрылымына дейін) табиғи жиынтығы ретінде анықталды;

– «мектеп-жоо» жүйесінде көптілді білім берудің сабақтастық қағидасын іске асыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар кешені дайындалды.

Зерттеу қорытындыларын ҚР ЖОО-да және мектептерінде тілдерді (қазақ, орыс, ағылшын) оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында қолдану ұсынылады, себебі жобаның нәтижелері көптілді білім беру жүйесін

жетілдіруге бағытталған, себебі ғылыми-әдістемелік ұсыныстар көптілді білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ЖОО және мектеп басшылары, ЖОО ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік қызметтерінің, білім беру органдарының, мектептердің (ғылыми-әдістемелік кеңестер, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері және т.б.) басшылары, ЖОО оқытушылары мен мектеп мұғалімдері ретіндегі мақсатты адресаты болады.

6.2 зерттеулерінің қорытындысы бойынша жарық көрді:

– ғылыми-әдістемелік құрал «Английский алфавит в картинках для начальной школы» (Қарағанда, Изд-во ҚарГУ, 2015 - 138с.);

– ғылыми-әдістемелік құрал «Словарь в картинках для начальной школы» (Қарағанда, Изд-во ҚарГУ, 2015 - 146с.);

– ғылыми-әдістемелік құрал «Английская грамматика в картинках для начальной школы» (Қарағанда, Изд-во ҚарГУ, 2015 - 92с.);

– Қарағанды қаласы бастауыш мектептеріне арналған ағылшын тілінен ОӘК пайдалану бойынша әдістемелік құрал (ҚарМУ баспасы, 2016 – 26 б.);

– интерактивті тақтаны пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар «Английский язык для учащихся младших классов»;

– ағылшын тілінен 5-6 жастағы балаларға арналған дамыта оқыту бағдарламаларын пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар «English with Sheep Lamby»;

– сондай-ақ «Методика раннего обучения иностранным языкам».

Зерттеу нәтижелері мектептер және бала-бақшалар желісі, атап айтқанда Қарағанды қаласындағы №77 жалпы білім беретін мектеп-бала-бақша кешені, №3 гимназиясы, №16 «Алтынай» бала-бақшасы *масштабында енгізілді*.

Зерттеулердің **жаңалығы** төмендегілермен анықталады:

– Қазақстандағы мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында шетел тілдерін ерте жастан оқытудың ағымдағы жағдайы зерттелді;

– шетел тілдерін ерте жастан оқытудың шетелдік тәжірибесі зерттелді;

– шетел тілдерін ерте жастан оқытуды енгізудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары дайындалды;

– шетел тілдерін ерте жастан оқыту тұжырымдамасы дайындалды;

– шетел тілдерін ерте жастан оқытуды 1-кезеңде (шетел тілдерін мектепке дейін оқыту) іске асыруды дидактикалық қамтамасыз ету ретінде 5-6 жастағы балалар үшін «English with Sheep Lamby» ағылшын тілін дамыта оқыту бағдарламасы дайындалды. Бұл бағдарлама 5-6 жастағы балалар үшін ұлттық контент, ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басқа «пәндік бағдарламаларымен» байланыс және мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларды шетел тіліне оқытудағы сабақтастық қағидалары ескеріле отырып дайындалды, ол осы жастағы балалар үшін өзекті болып табылатын қызмет түрлерін ұйымдастыруға негізделген коммуникативтік тапсырмалар жүйесінен тұратын оқытуда тұлғалық-қызметтік және коммуникативтік-құзыреттілік тәсілдерді ескере отырып, шетел тілдерін ерте жастан оқыту саласындағы қазіргі зерттеулерге негізделген және оқу сабақтарын ойын сюжеті түрінде құру көзделген.

Зерттеу нәтижелерін әдістемелік сауатты ұйымдастыру мектепке дейінгі беру ұйымдарында және бастауыш мектепте ағылшын тілін ерте жастан оқытуды дидактикалық қамтамасыз етуді жетілдіру үшін қолдану **ұсынылады**, себебі зерттеу нәтижелерін қолдану ағылшын тілін ерте жастан оқыту процесін әдістемелік сауатты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ұсынылған дидактикалық бірліктер үшін оларды қолдану жөніндегі тиісті әдістемелік ұсыныстар берілген.

6.3 зерттеулерінің қорытындысы бойынша **жарық көрді**:

– «Иностранный язык для технических специальностей колледжей» пәнінің ОӘК;

– «Основы научно-технического перевода для технических специальностей колледжей» пәнінің ОӘК;

– «Профессионально-ориентированный иностранный язык для технических специальностей вузов» пәнінің ОӘК;

– «Техника перевода научно-технической литературы» пәнінің ОӘК;

– «Академический иностранный язык для технических специальностей вузов» пәнінің ОӘК;

– «Иностранный язык для технических специальностей колледжей» пәнінің типтік оқу бағдарламасы;

– «Основы научно-технического перевода для технических специальностей колледжей» пәнінің типтік оқу бағдарламасы;

– «Профессионально-ориентированный иностранный язык для технических специальностей вузов» пәнінің типтік оқу бағдарламасы;

– «Техника перевода научно-технической литературы» пәнінің типтік оқу бағдарламасы;

– «Академический иностранный язык для технических специальностей вузов» пәнінің типтік оқу бағдарламасы.

Зерттеу нәтижелері Саран гуманитарлық-техникалық колледжінің масштабында **енгізілді** (Саран қ., Қарағанды облысы).

Зерттеулердің **жаңалығы** төмендегілермен анықталады:

– инженер кадрлардың үздіксіз тілдік дайындығының құрылымы көптілді білім беруге көшуді ескере отырып, теориялық тұрғыдан негізделді, бұл зерттеудің келесі кезеңінде оның жаңа мазмұнын құрылымдауға мүмкіндік береді;

– инженер кадрлардың үздіксіз тілдік дайындығының бойынша мақсаттары, міндеттері, мазмұны, әдістері, қағидалары кіріктірілген және деңгейлер бойынша сараланған инженер кадрлардың үздіксіз тілдік дайындығының теориялық моделі әзірленді, ол инженер кадрларды «ЖОО-колледж» жүйесінде үздіксіз тілдік дайындау проблемасын одан әрі зерттеудің бастапқы ұстанымын анықтауға мүмкіндік береді;

– ҚР инженер кадрлардың үздіксіз тілдік дайындығының тұжырымдамасы әзірленді, ол осы дайындықтың құрылымын және мазмұнын тұжырымды негіздеуге және инженерлік білім беруді халықаралық стандарттарына сәйкес диверсификациялаудың механизмін қамтамасыз етуге бағытталған;

– ҚР ЖОО-да және колледждерінде инженер кадрлардың тілдік дайындығының жаңа мазмұны жобаланды; «Иностранный язык для технических специальностей колледжей», "Основы научно-технического перевода для технических специальностей колледжей", "Профессионально-ориентированный иностранный язык для технических специальностей вузов", "Техника перевода научно-технической литературы", "Академический иностранный язык для технических специальностей вузов" жаңа пәндерінің типтік оқу бағдарламалары мен ОӘК халықаралық еңбек нарығының талаптарына сәйкес инженер кадрлардың тиісті құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Аталған пәндерді оқыту болашақ инженерлердің академиялық ұтқырлығын арттыратын, колледждер мен ЖОО түлектерінің мансабының өсуіне ықпал ететін тілдік дайындығын жетілдіруге, олардың мүмкіндік береді.

28 Булатбаева К.Н., Ахметова Б.С., Даулетова С., Кенжиғожина К.С. Химия: эксперименттік 11-сыныпқа арналған оқу құралы (көптілділікке арналған екітілді оқу құралы). – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2013. – 48 б.

29 Булатбаева К.Н., Шахметова Н.А. Орыс аудиториясында қазақ тілін оқытудың негізгі принциптері // 12 жылдық білім беру/ 12-летнее образование.- Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. -№1. – С.9 -12.

30 Булатбаева К.Н. 12 жылдық оқыту: оқытудың өзекті проблемалары және оны шешу жолдары // 12 жылдық білім беру: өзекті проблемалар және оны шешу жолдары: аймақт.ғыл-практ.конф. матер. – Павлодар, 2014.- №1. - .3 – 14б.

31 Булатбаева К.Н., Кенжиғожина К.С., Смағұлова Б.К. «Мектеп-ЖОО» жүйесінде тілге оқытудың деңгейлік моделі негізінде көптілді білім беру сабақтастығының дидактикалық негізі: Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. - 63 б.

32 Булатбаева К.Н. Екінші тілге оқытуда критериалды бағалау ерекшеліктері // 12 жылдық білім беру/12-летнее образование.- Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – №1. - 6 – 8б.

33 Булатбаева К.Н. 12-жылдық мектеп жағдайындағы критериалды бағалау жүйесі // академик Т.С.Садықовты еске алуға арналған Үздіксіз білім берудің өзекті проблемалары: халықарал. ғыл– практ. конф. материалдары,– Павлодар қ, ПМТИ, 2014.- 367-372Б.

34 Рақымжанов Қ.А., Шакенова М.Т. Өмір бойы оқу контекстіндегі тілдік білім беру // Лингвистикалық көкжиек: халықарал. ғыл– практ. конф. материалдары. – Белгород, Ресей, 2014.

35 Булатбаева К.Н. Тілге оқытудың инновациялық тәсілдері // Жаһандану кезеңіндегі студенттердің инновациялық мәдениетін қалыптастыру проблемалары: халықарал. ғыл– практ. семинар материалдары – Астана, 2014.- 144 – 149 Б.

36 Булатбаева К.Н. ЖОО көптілділікті дамыту: халықаралық және отандық тәжірибе // Жаңа формация жағдайындағы кәсіптік оқытудың өзекті проблемалары: халықарал. ғыл– практ. интерн.конф. материалдары – Түркістан, 2014.

37 Булатбаева К.Н. ЖОО тілдік емес пәндерді оқытуда көптілділікті дамытудың когнитивтік-коммуникативтік технологиясы // ҚазЭФМТУ Жаршысы – 2014. - №3.

38 Булатбаева К.Н. Мектепте және ЖОО-да тілге оқытуда тілдік, сөздік және коммуникативтік құзыреттерді бағалаудың біріңғай өлшемшарттары // Педагогикалық тәжірибе: теориясы, әдісі, тәжірибесі: халықарал. ғыл– практ. конф.материалдары – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2014.- 27- 31Б.

39 Булатбаева К.Н., Рақымжанов Қ.А. Жоғары сыныптарда орыс тілін оқытуда орыс, қазақ және ағылшын тілдері сабақтарының өзара байланысы // Білім берудегі инновация: ізденістер және шешімдер: халықарал. ғыл– практ. конф.материалдары– Астана, 2014.

40 Мұқатова М.Е. Орта мектептің оқу процесіндегі үштілді функционалдық лексикалық-грамматикалық минимум // Білім берудегі инновация: ізденістер және шешімдер: халықарал. ғыл–практ. конф.материалдары– Астана, 2014.

41 Булатбаева К.Н., Рақымжанов Қ.А., Кенжиғожина К.С. Негізгі мектепке арналған тілдік пәндер бойынша лексикалық-грамматикалық минимум: Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 158 б.

Нәтиженің *жаңалығы* анықталады:

1) көптілді оқыту жүйесінде алғаш рет функционалдық-коммуникативтік және когнитивтік-коммуникативтік технологияларды пайдалану негізделді;

2) "мектеп-жоо" жүйесінде тілге оқытудың деңгейлік моделі негізінде көптілді білім беру сабақтастығының дидактикалық негіздеріне төмендегілер арқылы сипаттама берілді:

–көптілді білім беру сабақтастығын жүзеге асыру үшін типтік тілдік бірліктерді сипаттау;

–барлық білім беру деңгейінде көптілділікті дамытудың біртұтас негізі ретінде тақырыптық алаңды анықтау;

–орта мектепте барлық тілдік пәндер бойынша типтік тақырыптар модулін әзірлеу;

–жоғары мектепте барлық тілдік пәндер бойынша типтік тақырыптар модулін әзірлеу;

–көптілділікті дамыту жағдайы ретінде екіншіге, үшінші тілде жағдаят түрлерін қатар ұғыну;

–халықаралық сарапшылармен белгіленген шетел тілдерін меңгеру деңгейлеріне бағдарлау,;

–екінші және үшінші тілдер бойынша сөйлеудің лексикалық дағдыларын қалыптастырудың біртұтас сабақ негізін құру;

–екінші және үшінші тілдер бойынша сөйлеудің грамматикалық дағдыларын қалыптастырудың біртұтас сабақ негізін құру;

–екінші және үшінші тілдер бойынша сөздік дағдысын жетілдірудің біртұтас сабақ негізін құру;

–екінші және үшінші тілдер бойынша айтылымның стилистикалық дағдысын қалыптастырудың біртұтас сабақ негізін құру;

–екінші, үшінші тілдер бойынша диалогтық және полилогикалық білігін қалыптастыру мен жетілдірудің біртұтас сабақ негізін құру;

–екінші, үшінші тілдер бойынша қарым-қатынас кезінде монологтық сөйлеуге оқытудың біртұтас сабақ негізін құру;

3) орта және жоғары мектепте көптілді білім беруге арналған үш тілдік жүйедегі лексикалық-грамматикалық құралдарға төмендегілер арқылы лингводидактикалық сипаттама берілді:

–негізгі және жоғарғы мектепке арналған бірыңғай үштілді лексика-грамматикалық минимум әзірлеу;

–сол немесе өзге де көптілділік біліктерін (тілдік, сөздік және коммуникативтік) бағалаудың үлгілік параметрлерін сипаттау;

4) орта және жоғары мектептің оқу процесінде үштілді функционалдық лексикалық-грамматикалық минимумды қолдану тетіктері әзірленді.

Зерттеу нәтижелерін көптілді оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында шынайы педагогикалық процесте *қолдану ұсынылады*.

3.3 Үштілді білім беру проблемаларына тікелей қатысы бар ғылыми жобалар туралы қосымша деректер

Көптеген жоғары оқу орындарының және басқа да құрылымдардың сайттарында орналастырылған материалдарды зерделеу, қазіргі уақытта үштілді білім беру саласында ғылыми зерттеулердің жүргізіліп жатқанын анықтауға мүмкіндік берді.

3.3.1 Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде жоо-ның бекітілген ғылыми жұмысы жоспары негізінде 2014 жылдың қараша айында ҒЗӨҰ кешендері аясында жоғары оқу орнында бастаушы ғылыми жобаларға ішкі байқау жарияланды.

Факультеттер мен кафедралардан байқауға 20 өтінім түсті. Байқауды жүргізу үшін С.С. Құнанбаеваның жетекшілігімен жоғары оқу орнының ішкі бағдарламасының 2015-2016 ж.ж. ғылыми зерттеулері бойынша байқау өтінімдерін бағалаудың Критериалды-параметрлік шкаласы әзірленді.

Ұсынылған жобалар байқау комиссиясының отырысында талқыланды, әр критерий бойынша баға қойылды, соның нәтижесінде 2015-2016 ж.ж. орындауға ұсынылатын ғылыми жобалардың тізімі анықталды. Байқау жеңімпаздарының ішінде үштілді білім беру мәселелеріне қатысты бірқатар жобалар бар, мысалы:

– «Тілдерлік эквиваленттілікті қамтамасыз етудегі мәдениетаралық коммуникацияның когнитивті-функционалдық ерекшелігі (ағылшын-қазақ-орыс тілдері)» тақырыбындағы жоба. Орындалу мерзімі – 2015-2016 жылдар. Ғылыми жетекшісі – аударма және филология факультетінің деканы, ф.ғ.к. Мизамхан Б.М.

– «Магистранттардың сыни дискурс-талдауын дамыту арқылы басқа тілді дискурсивті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» тақырыбындағы жоба. Орындалу мерзімі – 2015 жыл. Ғылыми жетекшісі – кәсіби академиялық шет тілі кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к. Елубаева П.К.

– «Қазақ-қытай сөйлесу-коммуникативтік ерекшеліктерін анықтау негізінде прагмо-функционалдық құзыреттіліктерді қалыптастырудың кешенді негізі (салыстыру-функционалдық зерттеу)» тақырыбындағы жоба. Орындалу мерзімі – 2015 жыл. Ғылыми жетекшісі – аударма ісі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Қалыбек Т.

3.3.2 2014 жылдың қыркүйек айында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметкерлері құрастырған «Екітілді және үштілді білім беру саласындағы халықаралық ғылыми зерттеулерге шолу» көптілді білім беру саласындағы зерттеулерге арналған жұмыстардың бірі болып саналады, оның

мақсаты билингвалды және үштілді білім беру саласындағы зерттеулердің нәтижесіне шолу жасау болып табылады.²⁴ Аталған жұмыста «пәндік мазмұн негізінде тілдерге оқыту (немесе CBI)» бағдарламасы түсіндірілген.²⁵ Авторлардың пікірінше, түрлі елдердің бағдарламалары, олардың арасындағы айырмашылыққа қарамастан, өздерінің мақсаты жағынан бір-біріне ұқсайды. Негізгі үш мақсатты айқындай отырып авторлар аталған бағдарламалардың кейбір жағдайларда мәдениет аралық түсінікті дамытуға, туған мәдениетке деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға, сонымен қатар екінші және үшінші тіл мәдениетін иеленушінің тілін білуге және құрметтеуге бағытталғандығына назар аударады. Жұмыста үштілділікке қарағанда билингвалды бағдарламалардың артық екендігі әділ атап көрсетілген, себебі билингвалды негізде тілдерге үйрету тәжірибесі неғұрлым табысты екені практикада дәлелденген.

Жұмыста Канаданың терең ену бағдарламаларына және АҚШ билингвалды бағдарламаларына ерекше назар аударылған. Бұл жағынан «... егер бастауыш сыныптарда бірінші тілде оқыту (T1) едәуір қысқартылатын болса, тілдік ортаға ену бағдарламасымен оқитын оқушыларды бірінші тілдің (T1) барлық аспектілерімен қоса бір тілді мектептердің оқушыларымен салыстырғанда бірдей деңгейге жетеді» деген авторлардың қорытындысы еліміздің білім беру жүйесі үшін үлкен қызығушылық тудырады²⁶. Бұл қорытынды «Оқушылардың бірінші тілді (T1) меңгеру деңгейі білім алушылардың, оқушылардың бір тілде бірінші тілді тілдік ортаға ену бағдарламасын меңгеру деңгейіне сәйкес келе ме?» сұрағына жауап ретінде ұсынылған. Бұл талдау жұмысы авторларының жауап беруге тырысқан бірінші сұрақтарының бірі. Жұмыс авторлары бұдан басқа және келесідей сұрақтарды да қарастырған:

- 1) «Бірінші тілде (T1) неғұрлым ерте оқып бастаудың артықшылығы бар ма?»;
- 2) «Типологиялық ұқсас тілдерді оқу оларды табысты меңгеруге ықпал ете ме?»;
- 3) «Тілдік ортаға ену бағдарламаларымен оқитын оқушылар пәндік дағдыларды біртүлді бағдарламамен оқитын оқушылардың деңгейінде меңгере ала ма?»;
- 4) «Тілдік ортаға ену бағдарламалары бойынша оқу төмен академиялық үлгерімге әкеле ме?»;
- 5) «Тілдік ортаға ену бағдарламалары бойынша оқитын оқушылар екінші тілді қандай деңгейде меңгереді (T2)?»;
- 6) «Оқушылардың академиялық қабілеттері екінші тілді меңгеруге ықпал ете ме?»;

²⁴ Екітілді және үштілді білім беру саласындағы халықаралық ғылыми зерттеулерге шолу // «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2014. – 56 б.

²⁵ Сол жерде. – 56 б.

²⁶ Сол жерде. – 63 б.

7) «Тілдік ортаға ену бағдарламаларында екінші тілді (Т2) оқуға берілген уақыт екінші тілді (Т2) неғұрлым жоғары деңгейде меңгеруге мүмкіндік жасай ма?»;

8) «Тілдік ортаға ену бағдарламалары аясында екінші тілді (Т2) оқу барысында жас ерекшелігі маңызды фактор болып табыла ма?».

6-сұраққа жауап бере отырып, авторлар екінші тілді меңгеруде оқушылардың академиялық қабілеттеріне қарамастан, негізінен билингвалды оқытудағы тілдік ортаға ену бағдарламалары ықпал етеді деген қорытынды жасайды.

Мұғалімге бағытталған оқыту бағдарламаларына байланысты 7-сұраққа жауап өте сенімді айтылады, яғни педагогикалық факторлар неғұрлым жоғары деңгейде есепке алынған жағдайда оқу уақытының көлеміне қарамастан, тілдерді меңгеру тиімді болады ²⁷.

8-ші сұраққа жауап – бірмағыналы емес. Екінші тілді (Т2) неғұрлым ерте үйреніп бастаса, ол соғұрлым нәтижелі болады деп саналады. Алайда бұл пікірді растайтын зерттеулердің нәтижелері, көбінесе екінші тілді (Т2) мектептен тыс оқумен негізделеді. Авторлар Канадада жүргізілген зерттеудің нәтижелеріне сүйенеді, онда тілдік ортаға ерте және толық ену бағдарламаларының оқушылары, тілдік ортаға ену бағдарламасы аясында оқуды бастауыш мектептің ортасында немесе негізгі мектептің басында бастаған оқушыларға қарағанда, екінші тілді (Т2) меңгерудің неғұрлым жоғары деңгейіне жетеді.

Шолудың авторлары барлық оқушылар үшін билингвалды білім беруді қабылдау туралы айту барысында дүние жүзінің түрлі елдеріндегі, әсіресе АҚШ, Канаданың қолданыстағы білім беру тәжірибесін тереңірек түсіну қажеттігіне, сонымен қатар олардың тәжірибесі шетелдік педагогикалық әдебиетте неғұрлым толық көрініс тапқандығына назар аудартады.

Жалпы алғанда, «Екітілді және үштілді білім беру саласындағы халықаралық ғылыми зерттеулерге шолу» талдауының авторлары төменде берілген қорытындыға келеді. Билингвалды бағдарламаларда тиімді оқыту тәжірибесінің жоғарыда аталып өткен зерттеулеріне сәйкес, пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту келесі жағдайларда тиімді жүзеге асырылады:

1) тілге оқыту оқыту мазмұнымен жүйелі кіріктіріледі;

2) пән мұғалімдері өз пәні бойынша оқушылардың коммуникативтік қажеттілігіне сәйкес келетін тілдік мақсаттарды анықтайды және бағдарламаға кіргізеді;

3) мұғалімдер тілдік мақсаттар оқыту мазмұнына сәйкес келетін жаттығулар қолданады;

4) тіл мұғалімдері пәндерді оқу барысында оқушылардың коммуникативтік қажеттіліктерін қамтитын тілге оқытады;

5) пән мұғалімдері кері байланысты жүзеге асырады, олар оқушылардың зейінін коммуникацияны жүзеге асыру барысында екінші тілден (Т2) жіберген қателеріне бағыттайды.

²⁷ Сол жерде. – 71 б.

3.3.3 «Гранттық қаржыландыру» және «Бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру» бюджеттік бағдарламалар аясында орындалған ҒЗЖ тізімі²⁸

Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығының деректері бойынша 2014-2015 жылдары 20 ғылыми-зерттеушілік жобасы орындалды, олардың нәтижелері үштілді білім беру бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру барысында қолданылуы мүмкін (3.5-кесте).

3.5-кесте – «Гранттық қаржыландыру» және «Бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру» бюджеттік бағдарламалар аясында орындалған және үштілді білім беру проблемаларына қатысы бар ғылыми жобалар туралы деректер

№	Номер	Тақырыбы	Нысанның типі	Қорытынды бал
1	2	3	4	5
1	1533/ГҚ-13-ОТ	Қазақ тілінің жазбаша және ауызша сөйлеу тілін айырып тануды және тудыруды автоматандыру	ГҚ есебі	23
2	1377/ГҚ-13-ОТ	Орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беруді ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз ету	ГҚ есебі	22
3	0356/ГҚ2-13-ОТ	«Мектеп – жоо» жүйесінде көптілді білім берудің бірізділігін ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз ету	ГҚ есебі	15
4	0449/ГҚ2-13-ОТ	12 жылдық білім беруге көшу жағдайында бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың инновациялық білім беру әдістерін және технологияларын әзірлеу	ГҚ есебі	9
5	1318/ГҚ-13-ОТ	Мемлекеттік тілдің заңнамалық-құқықтық негізін жетілдіру – Қазақстанның ұлттық тұтастығын сақтаудағы маңызды жағдайлардың бірі	ГҚ есебі	18
6	1418/ГҚ2-13-ОТ	Тіл және ұлттық сана-сезім: өзара проекция және модельдеу тәжірибесі	ГҚ есебі	22
7	0221/ГҚ-14-ОТ	Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындарында шетел тілдерін оқытудың еуропалық стандарттарын енгізу	2014 ж. ГҚ есебі	20
8	0715/ГҚ-14-ОТ	Формалды грамматикалар әдістері және статистикалық әдістер негізінде қазақ тілін ағылшын және орыс тілдеріне (және кері) компьютерлік аударудың тиімді технологияларын әзірлеу	2014 ж. ГҚ есебі	22

²⁸ Дереккөз: МФТСҰО сайты. «Аяқталған нысандар МФТС» бөлімі. Электрондық ресурс: <http://www.ncste.kz/ru>

3.5-кестесінің жалғасы

1	2	3	4	5
9	1846/ГҚ-14-ОТ	Үштілділік тілдерін деңгейлік меңгеруді әмбебаптандырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері тілдік білім берудің халықаралық стандарттарын бейімдеудің шарттары ретінде	2014 ж. ГҚ есебі	21
10	0414/ГҚ2-14-ОТ	ҚР техникалық жоғары оқу орындарында мамандарды тілдік дайындаудың инновациялық ғылыми-әдістемелік технологияларын әзірлеу	2014 ж. ГҚ 2 есебі	14
11	1292/ГҚ2-14-ОТ	Оқу теледидары контенті ҚР жоғары мектебінде көптілді білім беруді жүзеге асыру құралы ретінде	2014 ж. ГҚ 2 есебі	18
12	0441/ГҚ2-14-ОТ	Мультимедиа құралдарының көмегімен колледждердің ақпарат мамандықтары студенттерінің үштілді құзыреттілігін қалыптастыру	2014 ж. ГҚ 2 есебі	21
13	0356/ГҚ2-14-ОТ	«Мектеп – жоо» жүйесіндегі көптілді білім берудің бірізділігін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	2014 ж. ГҚ 2 есебі	20
14	0599/ГҚ2-14-ОТ	Іс қағаздары үлгілерінің автоматтандырылған екітілді (орысша-қазақша, қазақша-орысша) сөздігінің компьютерлік бағдарламасы	2014 ж. ГҚ 2 есебі	21
15	0933/ГҚ2-14-ОТ	Өзге тілдік орта жағдайындағы қазақтың топонимикалық жүйесі мен әлем бейнесі орталық азия аймағы материалында (тарихи-лингвистикалық, мәдениеттанушылық және өлкетанушылық аспектілері)	2014 ж. ГҚ 2 есебі	19
16	1326/ГҚ2-14-ОТ	Тіл және сөйлеу стилистикасының лингвистикалық-когнитивтік аспектілері	2014 ж. ГҚ 2 есебі	20
17	1677/ГҚ2-14-ОТ	Қазақстандағы аударма жүргізу (қазақ және шетел тілдері): әдіснамалық негіздері және қағидалары	2014 ж. ГҚ 2 есебі	14
18	1648/ГҚ3-14-ОТ	Қазақстан Республикасы полилингвалды кеңістігінде мемлекеттік тілді оқытудың инновациялық технологиялары	2014 ж. ГҚ 2 есебі	23
19	0255/БМҚ-14-ОТ	Қазақстан тарихының базалық екі оқулығын әзірлеу. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқулықтардың электрондық форматы, сонымен бірге интерактивті нұсқаларын (аудио-, бейнекурстар)	2014 ж. БМҚ есебі	18.33

3.5-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
20	0749/ГҚ4-15-ОТ	Apertium платформасы негізінде қазақ тілінен ағылшын және орыс тілдеріне (және кері) машиналық аударманың еркін/ашық жүйесін әзірлеу	2015 ж. БМҚ 4 есебі	24
21	0712/ГҚ4-15-ОТ	Шетел тілдеріне ерте оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	2015 ж. БМҚ 4 есебі	20
22	4813/ГҚ4-15-ОТ	Қазақстандағы көптілділік саясатын жүзеге асыру жағдайында педагог кадрлардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру	2015 ж. БМҚ 4 есебі	21
23	0283/ГҚ4-15-ОТ	Көптілді білім беру жағдайында инженерлік мамандардың үздіксіз тілдік дайындығын ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу (колледж-жоо)	2015 ж. БМҚ 4 есебі	17
24	1101/ГҚ4-15-ОТ	Көптілділік – жоғары мектеп жүйесінде заманауи білім берудің алғышарттарының бірі	2015 ж. БМҚ 4 есебі	23
25	5346/ГҚ4-15-ОТ	Қазақстанның көпмәдениетті кеңістігінде тілдердің қызмет етуі: динамикалық үрдіс, болуы мүмкін қауіп-қатер және келешегі	2015 ж. БМҚ 4 есебі	21
26	3592/ГҚ4-15-ОТ	Қазақстанда шетел тілдері мамандарына үздіксіз лингвистикалық-дидактикалық білім берудің ғылыми негіздері	2015 ж. БМҚ 4 есебі	23
27	4537/ГҚ4-15-ОТ	Көптілді білім берудің тілдік моделі: интерлингвистикалық мәдениет аспектісі	2015 ж. БМҚ 4 есебі	20
28	2546/ГҚ4-15-ОТ	Қазақстанның тілдік емес жоо-да көптілді мамандықтар үшін ағылшын тілін кәсіби-бағытталған оқытудағы «Task-based learning and teaching» технологиялары	2015 ж. БМҚ 4 есебі	23
29	4961/ГҚ4-15-ОТ	Тілді таңдау: көптілді жағдаяттардан тұлғааралық қатынастарға дейін	2015 ж. БМҚ 4 есебі	20

3.5-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
30	4762/ГҚ4-15-ОТ	Ауыл шаруашылық жоо-да тілдік көпмәдениетті кеңістікте этникааралық толеранттылықты қалыптастыру	2015 ж. БМҚ 4 есебі	21
	1930/ГҚ4-15-ОТ	Тілдік жағдаяттарды плюрицентрикалық тілмен сипаттау үшін модельдеу әдісін қолдану (Қазақстан мысалында)	2015 ж. БМҚ 4 есебі	22
31	1980/ГҚ4-15-ОТ	«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мәнмәтінінде оқу процесіне пәндік-тілдік кіріктірілген білім беру	2015 ж. БМҚ 4 есебі	13
32	0495/ГҚ2-13-ОТ	Полилингвалды қоғамда қазақ тілінің ұлттық-мәдени терминологиясы	ГҚ есебі	20

Жоғарыда келтірілген кестеде баяндалған ақпаратқа сәйкес, 2014жылдан 2015жыл бойынша Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамалардың Ұлттық орталығымен тілдік білім беру саласында 30 шақты ғылыми жобалар сараптамаға түсті, олардың нәтижелігінің орта деңгейі туралы мәлімдейтін орта қорытынды балл 19,22 құраған. Қорытынды баллдардың диапазоны 9-дан 24 баллға дейін құрайды.

4 Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша тұжырымдар

Мониторинг қорытындысы бойынша шешімдер негізінен ұлттық және мемлекеттік 9 ЖОО, 3 ғылыми ұйым ұсынған ақпаратына байланысты болады.

Барлығы 22 ғылыми жоба орындалды, олардың қорытындысы бойынша ЖОО, колледждер және мектептердің оқу процесі үшін дайындалды:

- 3 монография;
- 17 оқулық, оның ішінде электрондық;
- 46 оқу құралы;
- 10 ғылыми-әдістемелік құрал;
- 42 әдістемелік ұсыныс (оның ішінде әдістемелік басшылық, әдістемелік нұсқаулар);
- 14 пән бойынша оқу-әдістемелік кешендер;
- 14 сөздік, оның ішінде 9 терминологиялық, 1 тақырыптық, 3 анықтамалық-сөздік;
- 12 нормативтік сипаттағы құжат, оның ішінде 8 типтік оқу бағдарламалары, 2 модульдік оқу бағдарламалары, 1 жоба білім саласында үштұғырлы тіл Тұжырымдамасы және 1 жоба ҚР оқу телевизиясы контентін құру Тұжырымдамасы

Атап айтқанда, ғылыми зерттеу материалдары бойынша жарияланымдар алынған нәтижелердің мазмұны ғана емес осы нәтижелерді енгізу масштабы туралы да түсінік береді. Осы негізде келесі тұжырымдар жасауға болады:

1) монографиялар өкілдері өздерінің ғылыми қызығушылық алаңында үштілді білім беру мәселесін ұстайтын, барлық ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың игілігі болып табылады;

2) толық көлемде бұл Тұжырымдама немесе оның жобалары түріндегі бағдарламалық құжатқа жатады, бірақ мұнда оның қолданылу және енгізілу аясы айтарлықтай кеңейеді;

3) үлгілік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оқу-әдістемелік кешендер негізінен, өзінің қолданылу саласын: белгілі білім беру деңгейінде, немесе нақты жоо, колледж, мектептер деңгейінде, жоғары немесе техникалық кәсіптік білім берудің бір мамандық деңгейінде біраз шектейді.

Көбінесе, әртүрлі тарату деректері бола тұрып, ғылыми зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары өз қолданушылары үшін қолжетімділікке шек қойылған жағдайда қалады. Осы талдамалық анықтамада талданған ғылыми жобалар нәтижелерін білім беру тәжірибесіне енгізудің түрлі деңгейі бар екенін көруге болады.

Негізінен, жүргізілген мониторинг мәлімдейді:

Тек орта білім беру ұйымдарының ғана емес, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу процесі үшін сүйеніш ретінде сап түзейтін үштілді білім беру идеясын тәжірибеде біршама табысты жүзеге асыру үшін теориялық-әдіснамалық база жеткілікті;

зерттеудің қолданбалы нәтижелері нүктелі енгізіледі, өздерінің нақты адресаттары бар.

Қорытынды

Үштілді білім берудің ең жақсы тәжірибелері зерттеу нәтижелерін енгізу үшін жүргізілген мониторингтің өз құрылымы бар, соған сәйкес технологиялық карталар әзірленген. Технологиялық карталарға сәйкес ұлттық және мемлекеттік ЖОО-нан, сонымен қатар ғылыми ұйымдардан ақпараттар жиналып өңделді.

Бұл ақпарат осы талдамалық анықтаманың негізгі бөлігін құрады.

Сонымен қатар, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің және Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаудың Ұлттық орталығы сайттарының материалдары зерделенді.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті саулнамаға жауап берушілер тізіміне енбей қалған, себебі ол Ұлттық академия хат жіберген Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындары тізіміне кірмейді. Дегенмен, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті көптілді білім берудің базалық жоғары оқу орны бола отыра, салмақты ғылыми әлеуетке ие. Сондықтан, осы талдамалық анықтамада келтірілген белгілі бір ақпараттар үлесі дерек болған осы ЖОО-ның сайты зерделенді.

Екінші маңызды ақпараттар дерегін Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаудың Ұлттық орталығының сайты ұсынады. МФТС-ның аяқталған нысандар бөліміндегі 12 151 жобаның 30-ға жуық жобасы үштілді білім беру мәселесіне қандай да бір қатысы бар.

Ұлттық білім академиясымен қысқа мерзімде (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінен тапсырма алған уақыттан талдамалық анықтама түрінде құжатты тапсыру мерзіміне дейін) жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тұжырым жасауға болады, өйткені үштілді білім беру мәселесіне тікелей қатысы бар ғылыми зерттеу тақырыбы мен бағыттылығы жүйелі емес, негізінен осы және басқа да зерттеулерді жүргізуге бастамашы болған ғылыми мүддеге байланысты фрагменттік және эпизоттық сипатқа ие.

Осы негізгі тұжырымнан ұсыныстарды көруге болады:

1) оның теориялық-әдіснамалық негізін, психологиялық-педагогикалық, лингводидактикалық, әлеуметтік мәдени аспектілерін мақсатты бағыттап зерделеу үшін үштілді білім беру саласында ғылыми-зерттеу жұмысының бағдарламасын әзірлеу;

2) үштілді білім беру саласында жүргізілген зерттеулерге ғалымдар өздерінің зерттеу нәтижелерін орналастыра алатын, оларды талдайтын, сайт түрінде институционалды қолдау көрсету, сонымен қатар зерттеу барысында әзірленген ресурстарға қолжетімділікті кеңейту.

А қосымшасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті

Жоғары оқу орнында
көптілді білім беруді ұйымдастыру туралы

ЕРЕЖЕ

з.ғ.д., профессор Е.К.Кубеевтің редакциясымен

Қарағанды 2014

Құрастырушылар

- | | |
|------------------|---|
| Гаголина С.В. | оқу-әдістемелік басқармасының бастығы, биология ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Жетпісбаева Б.А. | шетел тілдері факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор |
| Ақбаева Г.Н. | ағылшын тілі және лингводидактика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Шайхызада Ж.Г. | шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, білім магистрі |

Осы Ережеде жоғары оқу орны жағдайында көптілді білім беруді ұйымдастырудың негізгі принциптері мен қағидалары баяндалған. Көптілді білім беруді жүзеге асыруға қатысатын университет бөлімшелерінің барлығына арналған.

Кіріспе

Осы Ереже Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына және Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасына сәйкес құрастырылған.

Аталмыш Ереженің мақсаты жоғары оқу орнында көптілді білім беруді енгізу және дамыту үдерісін реттемелеу және басқару болып табылады.

Берілген құжат Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінде көптілді білім беруді енгізудің сәтті тәжірибесі негізінде әзірленген көптілді білім беру жағдайында оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі принциптері мен қағидаларын қамтиды.

Әзірленген Ереже көптілді білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысатын жоғары оқу орындары бөлімшелерінің барлығына арналған.

1 Жалпы ережелер

1.1 Көптілді білім беру – бұл үш немесе одан да көп тілді қатарласа меңгеру негізінде көптілді тұлға қалыптастырудың мақсатты үдерісі.

1.2 Көптілді тұлға – бірнеше тілдердің иесі: ана тілінің; өмір сүріп отырған қоғамда пайдаланылатын тілдердің; бір немесе одан да көп шетел тілдерінің.

1.3 Көптілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасы – оқу орындарының әр түрлерінде көптілді білім беру идеясын, сонымен қатар оның дамуының негізгі кезеңдері мен бағытын жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық, теориялық-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік және оқу-ұйымдастырушылық қамтамасыздандыруды анықтайтын көзқарастар жүйесі.

1.4 Жоғары оқу орнында көптілді білім беру жағдайында оқу үрдісін ұйымдастыру нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес іске асырылады: жоғары оқу орнында көптілді білім беруді ұйымдастыру туралы Ереже, жоғары оқу орнында көптілді білім беруді енгізу Бағдарламасы, қазақ тілінен Типтік оқу бағдарламасы, орыс тілінен Типтік оқу бағдарламасы, көптілді білім беру мамандықтарына арналған ағылшын тілінің базалық курсы бойынша Типтік оқу бағдарламасы.

1.5 Көптілді білім беруді ұйымдастырудың негізгі принциптері үздіксіздік принципі және «білімнің екі жақты енуі» принципі болып табылады. Бірінші принципке сәйкес тілдер жоғары оқу орнының студенттерімен барлық оқу курсы бойы меңгеріледі (төрт жыл). Екінші принципке сәйкес – тілдерді қосарлы оқу және игеру тілдік пәндерді оқудың көмегімен және арнайы пәндерді оқыту тілі арқылы іске асырылады.

1.6 Тілді меңгеру деңгейі – үйрету және оқу қызметтерінің өзара әрекеттесу нәтижесі ретінде оқып отырған тілді меңгерудің коммуникативтік-сөйлеу біліктерінің соңғы жиынтығы.

1.7 Оқу мерзімі, несиелер көлемі және қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту бағдарламаларының мазмұны жоғарыда аталған тілдер бойынша көптілді

білім беру мамандықтарына арналған Типтік оқу бағдарламаларымен анықталады.

1.8 Оқу мерзімі, несиелер көлемі және қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту бағдарламаларының мазмұны тілге жатыққандық деңгейіне, болашақ кәсіби қызметі саласында, сонымен қатар білімгерлер тұратын аймақтарда тиімді байланысты жүзеге асыру үшін тілді меңгерудегі білімгерлердің қажеттілігіне байланысты өзгереді және анықталады.

1.9 Көптілді білім беру Бағдарламасы университеттің тек күндізгі оқу бөлімінде ғана жүзеге асырылады.

1.10 Жоғары оқу орнында көптілді мамандар даярлау: білім беру, жаратылыстану-ғылыми мамандықтар және техникалық мамандықтар бағыты бойынша жүзеге асырылады.

1.11 Жоғары оқу орнында көптілді білім беру процессін басқару көптілді білім беруді дамыту Орталығымен жүзеге асырылады.

1.12 Көптілді білім беру бағдарламасы аясында оқу үрдісін ұйымдастыруды және оның сапасын бақылауды көптілді білім беру мамандықтарының студенттерін дайындауды және бітіртіп шығаруды жүзеге асыратын тиісті оқу-әдістемелік бөлімшелер, деканаттар мен кафедралар, студенттердің тілдік дайындығын қамтамасыз ететін факультетаралық тілдік кафедралар жүзеге асырады.

2 Көптілді білім беру бағдарламасы аясында оқу үрдісін ұйымдастыруды жүзеге асыратын бөлімшелер қызметі

Көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыруға келесі ЖОО бөлімшелері қатыса алады: оқу-әдістемелік басқарма (бөлім), деканаттар, кафедралар, көптілді білім беруді дамыту Орталығы.

2.1 Оқу-әдістемелік басқарма (бөлім) мыналарды жүзеге асырады:

– көптілді білім беру мамандықтарының білім беру бағдарламасын құрастыруды бақылау;

– студенттерді көптілді білім беру топтарына қабылдау, сонымен қатар қосымша қабылдау, деканатпен, түлектер шығаратын кафедралармен және тілдік кафедралармен алдын-ала келісім негізінде студенттерді ауыстыру және оқудан шығару;

– көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудың сапа мониторингі, көптілді білім беру бағдарламасы мазмұнының сапасы, сонымен қатар ағылшын тілінде оқытылатын тілдік пәндерді, базалық және кәсіптендіру пәндерін оқыту сапасы.

2.2 Көптілді білім беру мамандықтарының студенттерін дайындауды және бітіртіп шығаруды жүзеге асыратын деканаттар мен кафедралар қызметіне төмендегілер кіреді:

– көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыруда ұсынылған талаптарға сәйкес көптілді білім беру мамандықтарының білім беру бағдарламаларын құрастыру;

– көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқу мүмкіндіктері туралы студенттерге ақпарат беру;

– тілді меңгеру деңгейін анықтауға арналған іріктеме тестілеуге студенттердің қатысуын қамтамасыздандыру;

– іріктеме тестілеу нәтижелері бойынша мамандықтар тұрғысында көптілді білім беру топтарын құру;

– көптілді білім беру мамандықтарына оқу-әдістемелік сүйемелдеуді құрастыру: ағылшын тілінде базалық және кәсіптендіру пәндері бойынша ОӘК, ағылшын тілінде базалық және кәсіптендіру пәндері бойынша электрондық дәрістер мен мультимедиялық көрсетілімдер жасау, ағылшын тілінде, соның ішінде электрондық тасымалдаушыларда оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу, тест тапсырмаларын құрастыру және т.с.с.;

– оқытушыларға ұсынылатын талаптарға сәйкес ағылшын тілінде оқытылатын базалық және кәсіптендіру пәндерін кадрлық қамсыздандыру.

2.3 Қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша студенттердің дайындығын қамтамасыз ететін факультетаралық тілдік кафедралар мыналарды жүзеге асырады:

– қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін анықтау үшін студенттерді тестілеуді ұйымдастыру және өткізу мен тілдерді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес тестілеу нәтижелері негізінде студенттерді көптілді білім беру топтарына іріктеу;

– студенттердің тілдік дайындық үдерістерін оқу-әдістемелік сүйемелдеу: тілдік пәндер бойынша ОӘК құрастыру, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, соның ішінде электрондық тасымалдаушыларда, мультимедиялық көрсетілімдер, тест тапсырмаларын жасау және т.с.с.

2.4 Көптілді білім беруді дамыту Орталығы мыналарды біріктіреді:

– көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттер іс-әрекеті нәтижелерінің мониторингі;

– көптілді білім берудің білім бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша оқытушылардың оқу-әдістемелік әрекеті нәтижелерінің мониторингі;

– жоғары оқу орнында көптілді білім беруді ұйымдастыру бойынша оқу семинарларын өткізу.

3 Көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру

3.1 Көптілді білім беруді ұйымдастыру үш кезеңнен тұрады: алғашқы кезең, тілдік дайындық кезеңі және негізгі кезең.

3.1.1 Алғашқы кезең көптілді білім беру бағдарламасына қатысу үшін студенттер мен оқытушыларды іріктеуді қамтиды.

Көптілді білім беру топтарына қабылдау үшін студенттерді іріктеу қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту деңгейлерінің диагностикасы негізінде бірінші курс студенттер санынан жүзеге асырылады.

Қазақ тілінде білім алатын студенттердің орыс және ағылшын тілдері бойынша білімі тексеріледі.

Орыс тілінде білім алатын студенттердің қазақ және ағылшын тілдері бойынша білімі тексеріледі.

Көптілді білім беру топтарын құру лексико-грамматикалық тестілеу және оқылымнан тұратын екі кезеңнің іріктеу нәтижелері бойынша 1 семестрдің оқу сабақтары басталмас бұрын бағдарлау аптасында жүзеге асырылады.

Көптілді білім беру топтарына қабылдауға А1 немесе А2 деңгейлеріне сәйкес қазақ/орыс және ағылшын тілдері білімі бойынша іріктемеден сәтті өткен студенттер жіберіледі.

Еуропалық стандарттың В2-С1 деңгейіне сәйкес ағылшын тілінен білімі бар оқытушылардың ағылшын тілінде базалық және кәсіптендіру пәндерін оқыту құқығы бар. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі тиісті халықаралық деңгейдегі (IELTS, TOEFL) сертификаттың және «Шетел тілі: екі шетел тілінен» (ағылшын тілі) екінші мамандық алғаныдығы туралы дипломның болуымен расталуы қажет.

3.1.2 Тілдік дайындық кезеңі мыналарды қамтиды:

- Студенттердің қазақ/орыс тілін оқуы.

Оқу мерзімі, несиелер көлемі және қазақ/орыс тілін оқыту бағдарламасының мазмұны білімгерлердің тілдерді меңгеру деңгейлеріне байланысты анықталады.

Қазақ/орыс тілін оқыту «Қазақ тілі», «Орыс тілі» міндетті компоненттері пәндері шегінде, сонымен қатар қазақ/орыс тілінде «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту есебінен және қажеттіліктер кезінде қосымша несиелер есебінен жүзеге асырылады (таңдау бойынша модульдің қосымша несиелері немесе оқытудың қосымша түрлері).

- Ағылшын тілін тереңдете оқыту оқудың алғашқы үш жылы ішінде міндетті модуль және оқу жоспарының жоғары оқу орны компоненті есебінен жүзеге асырылады (таңдау бойынша модульдің қосымша несиелері немесе оқытудың қосымша түрлері).

Оқу мерзімі, несиелер көлемі және ағылшын тілін оқыту бағдарламасының мазмұны тілдік емес мамандықтарға арналған «Шетел тілі» пәні бойынша Типтік бағдарламамен және көптілді білім беру мамандықтарына арналған ағылшын тілінің базалық курсы бойынша Типтік оқу бағдарламасымен анықталады.

Ағылшын тілі бойынша (А1 немесе А2 деңгейі) студенттер білімінің бастапқы деңгейіне байланысты көптілді білім беру топтарында оқу келесі түрде сараланады:

А1 бастапқы деңгейі бар студенттер үшін

1-2 семестр - А1-А2-В1 деңгейлері

3-4 семестр- В1-В2 деңгейлері

А2 бастапқы деңгейі бар студенттер үшін

1-2 семестр - А2-В1 деңгейлері

3-4 семестр- В1-В2 деңгейлері

А1 бастапқы деңгейі бар студенттердің қажетті тілдік деңгейлерді сәтті меңгерулері үшін ағылшын тілін оқуға «Ағылшын тілінің базалық курсы (А1-А2-В1 деңгейлері)» пәні шегінде қосымша 2 несиесі ұсынылады.

Ағылшын тілін оқу жоспары төмендегі пәндер шегінде жүзеге асырылады:

1) бірінші және екінші семестрлерде 6 несиесі көлеміндегі міндетті модуль «Шетел тілі» пәнін оқыту шегінде және 8 несиесі көлеміндегі таңдау бойынша модуль «Ағылшын тілінің базалық курсы (А1-А2-В1 деңгейлері)»/ 6 несиесі көлеміндегі таңдау бойынша модуль «Ағылшын тілінің базалық курсы (А2-В1 деңгейлері)» пәндері.

«Ағылшын тілінің базалық курсы (А1-А2-В1 деңгейлері)»/«Ағылшын тілінің базалық курсы (А2-В1 деңгейлері)» пәндері міндетті модуль «Шетел тілі» пәнінің логикалық жалғасы болып табылады және бақылаудың жеке түрлері жоқ. Ағымдық, аралық және қорытынды бақылаулар тек «Шетел тілі» пәні аясында жүзеге асырылады.

2) үшінші және төртінші семестрлерде әр семестрге сәйкес 3 несиесі көлемінде міндетті модуль «Ағылшын тілінің базалық курсы (В1-В2 деңгейлері)» пәнін оқыту шегінде;

«Ағылшын тілінің базалық курсы (В1-В2 деңгейлері)» пәні өзінің мақсатты нұсқауы деп ағылшын тілінде базалық және кәсіптендіру пәндерін оқытуда студенттерді дайындауды қарастырады. Курстың мақсаты – жалпы басқа тілдік құзыреттілікті және кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті дамыту – мәдениетаралық кәсіби қарым-қатынас жағдайында ағылшын тілінде сұхбаттаса білу қабілетін жетілдіру.

3) бесінші семестрде 2 несиесі көлемінде «Кәсіби бағытталған шетел тілі» (С1 деңгейі) пәнін оқыту шегінде;

«Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәні мамандықтың пәндік саласын шетел тілінде оқытуды ұйғарады.

Пәнді оқу барысында студент ағылшын тілінде мамандық бойынша мәтіндермен жұмыс жасау дағдылары мен іскерліктерін; ағылшын тіліндегі кәсіби терминологияны; ғылыми-техникалық әдебиетпен және терминологиялық сөздіктермен жұмыс тәсілдерін; екіжақты ауызша және жазбаша аударма дағдылары мен іскерліктерін; кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарында алған білімдерін қолдана алу біліктерін меңгереді.

3.1.3 Негізгі кезеңді қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде базалық және кәсіби пәндерді оқыту жүзеге асырылатын оқудың үшінші және төртінші курстары қамтиды.

Оқудың үшінші курсына педагогикалық мамандықтардың оқу жоспарына 2 несиесі көлемінде «Базалық (кәсіптендіру) пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» пәнін енгізу ұсынылады.

«Базалық (кәсіптендіру) пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» пәні студенттердің ағылшын тілінде базалық (кәсіптендіру) пәндерді оқыту ерекшеліктерімен танысуына және көптілді білім беру дәрісханасында қажетті әдістер мен тәсілдерді меңгеруіне бағытталған. Аталмыш пәнді оқыту ағылшын тілінде базалық және кәсіптендіру пәндерін оқыту ерекшеліктерін ашуды,

оқыту әдістемесімен, ағылшын тілінде базалық және кәсіптендіру пәндері бойынша сабақтарды ұйымдастыру түрлерімен танысуды, сонымен қатар оқу-әдістемелік материалдарды құрастырудың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында ғылыми-техникалық әдебиеттермен жұмыс тәсілдерін үйретуді, шетел тілінде базалық (кәсіптендіру) пәндерін оқытудың негізгі принциптеріне қатысты мәселелерді талқылауды; оқытылатын пәндер бойынша сабақтарды дидактикалық және техникалық қамсыздандыруды, ағылшын тілінде базалық және кәсіптендіру пәндерін оқыту үрдісінде білім беру стратегиясын құруды қарастырады.

Оқу жылының үшінші және төртінші курстарында ағылшын тілінде үш немесе төрт базалық және кәсіптендіру пәндерін оқыту міндетті болып табылады.

ЖОО қарастыруымен үшінші және төртінші курстарда таңдау бойынша модульдің қосымша несие есебінен келесі пәндерді оқу ұсынылады: «Ағылшын ғылыми-техникалық әдебиетті аудару теориясы мен практикасы», «Іскери ағылшын тілі», «Академиялық мақсаттарға арналған ағылшын тілі», «Академиялық мақсаттарға арналған қазақ тілі», «Академиялық мақсаттарға арналған орыс тілі». Сонымен қоса болашақ кәсіби қызмет саласында ағылшын тілі бойынша студенттер білімін жетілдіруге бағытталған пәндерді оқу ұсынылады, мысалы, «Кәсіби қызметтегі ағылшын тілі», «Химия факультетінің студенттеріне арналған ағылшын тілі» және т.б.

3.2 Оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттің өзіндік жұмысы (СОӨЖ) көптілді білім беру бағдарламасы аясында аталған сабақ түрінің екі түрін қарастырады:

1. СОӨЖ сабақтарын ұйымдастырудың консультациялық түрі - 1 және 2 курс.

СОӨЖ сабақтарын ұйымдастырудың аталмыш түрінде студент тілдік пәндерді оқуда консультациялық көмек алады.

2. СОӨЖ сабақтарын ұйымдастырудың креативті-практикалық түрі - 3 және 4 курс.

СОӨЖ ұйымдастырудың аталған түрі пікірталас және іскери ойындар жүргізуді, тұрмыстық және кәсіби жағдаяттар мен міндеттерді (case study) шешуді, тілдік пәндер аясында, сонымен қатар қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде оқытылатын базалық және кәсіптендіру пәндері аясында қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде жоба тапсырмаларын орындауды және қорғауды қарастырады.

3.3 Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) көптілді білім беру бағдарламасы аясында жеке тапсырмаларды орындау және тапсыру түрінде жүзеге асырылады: презентация әзірлеу және қорғау, шығарма, эссе немесе жазбаша жұмыстардың басқа түрлерін жазу, баяндаманы дайындау және ұсыну мақсатында Ғаламтор және БАҚ дереккөздерінен ақпараттар іздеу, жобаны дайындау және қорғау, қазақ/орыс және ағылшын тілдеріндегі электрондық оқулықтар мен оқыту бағдарламаларының материалдары бойынша бақылау және тестілеу тапсырмаларын орындау.

3.4 Педагогикалық мамандықтарға арналған көптілді білім беру бағдарламасы аясындағы оқу тәжірибесі үш тілде оқытылатын мамандандырылған мектептер мен қазақ-түрік лицейлерінің базасында ұйымдастырылады, басқа мамандықтар үшін – кәсіби қазақ/орыс және ағылшын тілдері білімін талап ететін мекемелер, ұйымдар және өндірістік нысандар базасында.

4 Көптілді білім беру бағдарламасы аясында студенттер білімін бақылау түрлері

4.1 Қазақ/орыс және ағылшын тілдері бойынша студенттер білімін қорытынды бақылау көптілді білім беру мамандықтарының айқындалған оқу жоспарының мерзімінде сөйлеу әрекетінің барлық түрі бойынша білімді, іскерліктер мен дағдыларды бағалауды қарастыратын ауызша емтихан түрінде жүзеге асырылады.

4.1.1 Қазақ/орыс және ағылшын тілдері бойынша ауызша емтихан мазмұны және ұзақтығы көптілді білім беру мамандықтарына арналған Типтік оқу бағдарламаларымен анықталады және жоғарыда көрсетілген оқу бағдарламаларында қарастырылған талаптармен студенттер білімінің сәйкестігі айқындалады.

4.1.2 Ағылшын тілінен қорытынды бақылаудың мазмұны және ұзақтығы тілдік емес мамандықтарға арналған «Шетел тілі» пәні бойынша Типтік бағдарламамен және көптілді білім беру мамандықтарына арналған ағылшын тілінің базалық курсы бойынша Типтік оқу бағдарламасымен анықталады.

Студенттер білімінің тағайындалған ағылшын тілін меңгеру деңгейіне лайықтылығы еуропалық тілдік стандарт талаптарына сәйкес сөйлеу әрекетінің төрт түрін бағалау жолымен айқындалады (тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым).

4.2 Студенттердің дипломдық жұмыстары таңдау бойынша үш тілдің бірінде (қазақ, орыс немесе ағылшын) жазылады, ағылшын тілінде қорғалады.

Б қосымшасы

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті

Мектепте
көптілді білім беруді ұйымдастыру туралы

ЕРЕЖЕ

Қарағанды 2014

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университетінің
ғылыми-әдістемелік кеңесімен ұсынылды*

Құрастырушылар

Жетпісбаева Б.А. шетел тілдері факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Ақбаева Г.Н. ағылшын тілі және лингводидактика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Шайхызада Ж.Г. шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, білім магистрі

Ашимов Е.М. Н. Нұрмақов атындағы ОМИ директоры

Осы Ережеде мектеп жағдайында көптілді білім беруді ұйымдастырудың негізгі принциптері мен қағидалары баяндалған. Көптілді білім беруді жүзеге асыруға қатысатын мектептерге арналған.

Кіріспе

Осы Ереже Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына және Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасына сәйкес құрастырылған.

Берілген құжат оқытуды үш тілде жүзеге асыратын Қарағанды қаласының мамандандырылған мектептерінің тәжірибесі негізінде көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі принциптері мен қағидаларын қамтиды (*Қарағанды қаласының Н.Нұрмақов атындағы ОМИ тәжірибесінде*).

Аталмыш Ереженің мақсаты мектепте көптілді білім беруді енгізу және дамыту үдерісін реттемелеу және басқару болып табылады.

Әзірленген Ереже көптілді білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысатын мектептерге арналған.

1 Жалпы ережелер

1.1. Көптілді білім беру – бұл үш немесе одан да көп тілді қатарласа меңгеру негізінде көптілді тұлға қалыптастырудың мақсатты үдерісі.

1.2 Көптілді тұлға – бірнеше тілдердің иесі: ана тілінің; өмір сүріп отырған қоғамда пайдаланылатын тілдердің; бір немесе одан да көп шетел тілдерінің.

1.3 Көптілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасы – оқу орындарының әр түрлерінде көптілді білім беру идеясын, сонымен қатар оның дамуының негізгі кезеңдері мен бағытын жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық, теориялық-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік және оқу-ұйымдастырушылық қамтамасыздандыруды анықтайтын көзқарастар жүйесі.

1.4 Көптілді мектеп – (оның қазақстандық түсіндірмесінде) оқушыларды үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытуды жүзеге асыратын орта білім беру мекемесі.

1.5 Мектепте көптілді білім беруді енгізу Қазақстан мектептерінде көптілді білім беруді дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда (Астана, 2012).

1.6 Мектепте көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқушыларды дайындау тереңдетілген тілдік дайындықты (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту) және ағылшын тілінде жаратылыстану-математика пәндерін оқытуды қамтиды.

1.7 Көптілді білім беруді ұйымдастырудың негізгі принциптері үздіксіздік принципі және «білімнің екі жақты енуі» принципі болып табылады.

Бірінші принципке сәйкес тілдер мектеп оқушыларымен барлық оқу мерзімі бойы меңгеріледі.

Екінші принципке сәйкес – тілдерді қосарлы оқу және игеру тілдік пәндерді оқудың көмегімен және ағылшын тілінде жаратылыстану-математика пәндерін оқыту арқылы іске асырылады.

1.8 Тілді меңгеру деңгейі – оқыту қызметтерінің өзара әрекеттесу нәтижесі ретінде оқып отырған тілді меңгерудің коммуникативтік-сөйлеу іскерліктерінің соңғы жиынтығы.

1.9 Көптілді білім беру бағдарламасы аясында оқу үрдісін ұйымдастыруды және оның сапасын бақылауды тиісті мектептердің оқу-әдістемелік бөлімшелері жүзеге асырады.

2 Көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру

2.1 Көптілді білім беруді ұйымдастыру үш кезеңнен тұрады: алғашқы кезең, тілдік дайындық кезеңі және негізгі кезең.

2.1.1 Алғашқы кезең көптілді білім беру бағдарламасына қатысу үшін оқушылар мен ұстаздарды іріктеуді қамтиды.

Көптілді білім беру бағдарламасы бойынша оқытуға арналған сыныптарға іріктеу 4 сынып оқушылары санынан оқу жылының соңында 2 кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең – логикалық және математикалық тапсырмаларды қамтитын тест, сонымен қатар оқушылар бойында аналитикалық ойлау іскерліктерін анықтауға арналған жағдаятты тапсырмалар.

Екінші кезең – полилингвалдық және коммуникативтік қабілеттерді, сонымен қатар мәдениаралық қарым-қатынас іскерліктерін анықтауға арналған сұхбаттасу.

Көптілді білім беру бағдарламасы 5 сыныптан бастап жүзеге асырылады.

Тілдік құзыреттіліктің Жалпыеуропалық стандартының B2-C1 деңгейіне сәйкес ағылшын тілі білімінің бағдары бойынша жоғары білім туралы дипломы бар мұғалімдердің ағылшын тілінде пәндерді оқыту құқығы бар. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі тиісті халықаралық деңгейдегі (IELTS, TOEFL) сертификаттың және «Шетел тілі: екі шетел тілінен» (ағылшын тілі) екінші мамандық алғаныдығы туралы дипломның болуымен расталуы қажет.

2.1.2. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында мектептегі тілдік дайындық кезеңі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытуды қамтиды:

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту оқу жоспарының міндетті және вариативті блоктар есебінен жүзеге асырылады.

Тілдік дайындық кезеңін ұйымдастыру білімгерлердің оқу тілдері есебінен жүзеге асырылады - қазақ немесе орыс. Оқу мерзімі, сағат көлемі және қазақ/орыс тілін оқыту бағдарламасының мазмұны тілге жатыққандық деңгейіне, тілді меңгерудегі тиімді байланысты жүзеге асыру үшін білімгерлердің, сонымен қатар білімгерлер тұратын аймақтардың қажеттілігіне байланысты мектеппен өзгертіледі және анықталады.

Қазақ тілін оқыту

Қазақ тілін оқыту оқу жоспарының міндетті блогы «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері шегінде 5 сыныптан 11 сынып аралығында жүзеге асырылады.

Қазақ тілін оқыту қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сыныптар бағдарламасы негізінде орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақ тілін меңгеруде бастапқы деңгейі төмен білімгерлер үшін «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқумен қатар, 5 және 6 сыныптарда аптасына 2 сағат көлемде қазақ тілінен бейімделу бағдарламасы ұсынылады.

Бейімделу бағдарламасы қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасы бойынша оны одан әрі оқытуға арналған қазақ тілін меңгеру деңгейін теңестіруге бағытталған.

Қазақ тілі білімін одан әрі жетілдіру мақсатында оқу жоспарының келесі вариативті блоктар пәндерін енгізу ұсынылады: 7 сынып - «Қазақ тілі - өнер тілі», 8 сынып - «Қазақ тілі - ғылым тілі».

Бұдан басқа, мектептерге қазақ тілі мен әдебиеті, академиялық қазақ тілі және т.б. бағыттар бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру ұсынылады.

Орыс тілін оқыту

Орыс тілін оқыту оқу жоспарының міндетті блогы «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті» пәндері шегінде 5 сыныптан 11 сынып аралығында жүзеге асырылады.

Орыс тілін оқыту орыс тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сыныптар бағдарламасы негізінде орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Орыс тілін меңгеруде бастапқы деңгейі төмен білімгерлер үшін міндетті блогтың «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті» пәндерін оқумен қатар, 5 және 6 сыныптарда аптасына 2 сағат көлемде орыс тілінен бейімделу бағдарламасы бойынша оқытуды жүзеге асыру ұсынылады.

